www.jasqazaq.kz vk.com.jasqazaq Jasqazaq Жас қазақ

JAS QAZAQ

ISSN 2074-899X

ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ТАНЫМДЫҚ, АҚПАРАТТЫҚ-САРАПТАМАЛЫҚ ЖАСТАР АПТАЛЫҚ ГАЗЕТІ

Газет 2005 жылдың 7 қаңтарынан шыға бастады

№12 (896)

1 сәуір 2022 жыл

GEOЭКОНОМИКА

«АЛТЫН ДАРИЯНЫҢ» АҒЫСЫ БӨГЕЛГЕНДЕ

Жойқын дауыл Каспий құбыр желісі консорциумының Ресейдегі терминал қондырғыларын істен шығарды. Сол-ақ екен, ұрынуға қара таппай, «сенсация – жаңалықты» күтіп отыратын әлеуметтік желі мен бірқатар хабар-ошар құралдарының көктен іздегені жерден табылды. Әдеттегідей, байыбына бармай жатып, «бұл қастандық», «бітті, күнкөріс көзінен қағылдық», «әдейі арандату» деп аттан салушылар да, «экономикалық одақпен ат құйрығын үзісу» керек дейтін «жөн сілтегіштер» де табыла кетті. Тіпті тасымалдан алшақ саланың сарапшылары да айқайға қиқу қосып, қанша триллион теңгеден қағылатынымызды да есептеп тастады. «Тисе терекке, тимесе бұтаққа» дейтін сарындағы мұндай пікірлер осыдан 14 жыл бұрынғы қаржы дағдарысын еске түсірді. Сол уақытта саясаттанушылар, неге екені белгісіз, ақша әлеміне талдау жасап, «енді банк жүйесі күйрейді, экономика да құрдымға кетеді» деген боркемік болжамын тықпалап еді.

(Жалғасы 4-бетте)

БІЗДІҢ СҰХБАТ

Қоғам арбасын алға сүйреудегі қозғаушы күш – жастар. Елімізде жастардың білім алып, жұмыс істеуіне барынша жағдай жасалған. Қолдау көрсетуге арналған мемлекеттік бағдарламалар бар. Дегенмен жастарды жұмыспен қамту мәселесі әлі де өзекті. Жуырда Сенат депутаты Бейбіт Исабаев жас мамандардың жұмысқа орналасуы қиын екенін айтып, депутаттық сауал жолдады. Біз халық қалаулысын сөзге тарттық.

Бейбіт ИСАБАЕВ, *Сенат депутаты:*

ТҰРАҚТЫ ЖҰМЫС ОРНЫ АШЫЛСА, ЖАСТАР АУЫЛҒА БАРАДЫ

Jas qazaq: Бейбіт Өксікбайұлы, өткенде Үкіметке жолдаған депутаттық сауалыңызда көкейдегі мәселені көтердіңіз. Расында да, атағы дардай оқу орнын бітірген жас кадрлар жұмысқа орналасудың машақатын тартатыны жасырын емес. Бұл түйткілді қалай шешуге болады?

Бейбіт Исабаев: Жастар – мемлекеттің тірегі. «Жас келсе, іске» деп тегін айтылған ба? Өткенде Сенаттағы әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитеті мүшелері осы мәселені көтердік. Сенат қабырғасында «Халықты жұмыспен қамту және жұмыссыздықты азайтудың өзекті мәселелері» тақырыбына өткізген дөңгелек үстелде қаралған мәселелер аясында Үкіметке депутаттық сауал жолданды.

Жалпы талдаулар көрсетіп отырғандай, қазіргі білім беру жүйесі еңбек нарығының жаңа талаптарына толық жауап бере алмай отыр. Соңғы жылдары елімізде жұмыссыз жүрген, «екі қолға – бір күрек» таба алмаған жоғары және кәсіптік білімі бар адамдар санының өскені байқалады. Мысалы, 2020-2021 оқу жылында жоғары оқу орындарын бітірген түлектің 30 пайыздан астамы, ал техникалық және кәсіптік білім беру оқу орындарында білім алып, маман атанған түлектің 40 пайызға жуығы жұмыссыздар қатарын толықтырды. «Атамекен» ҰКП-ның 2021 жылғы оқу бағдарламаларына жүргізген сыртқы бағалауына сәйкес, жұмыс берушілер білім беру бағдарламаларының өзектілігіне 55 пайызға қанағаттанған. Ал ЖОО бітірген түлектердің жұмысқа орналасқандарының медиандық жалақысы 114,0 мың теңгені, ТжКБ бітіріп жұмысқа тұрған жас мамандардың медианды жалақысы 56 327 теңгенің ар жақ, бер жағында. Еңбек нарығына келсек, 4 мыңға жуық дәрігер, 3,8 мың мұғалім, 1,6 мың ветеринария мамандары тапшы. Керісінше, кей салаларда артық дайындалған мамандар бар. Бұл еңбек нарығындағы теңгерімсіздіктің өсуін көрсетеді.

Туындаған сын-тегеуріндерді шешу үшін қайтпек керек? Ең алдымен еңбек нарығының бүгінгі жағдайына терең талдау жүргізіп, жыл сайын даярланатын мамандарды ұлттық экономиканың секторлары бойынша жұмыс ресурстарының сұранысына сәйкес қалыптастыру қажет.

(Жалғасы 3-бетте)

МӘСЕЛЕ

МАЛЫМЫЗ НЕ БОЛАДЫ, ТӨЛІМІЗ НЕ БОЛАДЫ?

(Жамбыл облысындағы шаруалар жарылыстан қорқып отыр)

Жамбыл облысындағы шаруа қожалық иелері әскери оқ-дәрілерді жоюға қарсы шықты. Өйткені жарылыс жасайтын полигон мал ұстайтын шаруалардың қора-қопсысына тым жақын орналасқан екен. Сондықтан әскери снарядтар жарылса, жарықшақтары мал түгілі, адамдарды жазым етуі мүмкін деп қауіптенеді. Оның үстіне қазір төрт түлік төлдеп жатыр. Сол себепті сақман аяқталғанша әскери қару-жарақтарды залалсыздандыру жұмысын кейінге шегеруді сұрап отыр.

Ал әскерилер Байзақтағы қару-жарақ қоймасынан шыққан оқ-дәрілердің көзін жоюға сақадай-сай отыр. Полигонда әр жерден терең шұңқырлар қазылып қойған. Ол жерде бүгін, ертең снарядтарды жару жұмысы басталмақ. Алайда шаруалар бұған үзілді-кесілді қарсы. Өйткені полигон қожалықтарға тым жақын орналасқан. Сондықтан жарылыс болған жағдайда мал түгілі адамдарға да зардабы тиюі мүмкін дейді.

(Жалғасы 3-бетте)

САУАЛ

Төтенше жағдай салдарынан үйін су басқан қазақстандықтарға мемлекет тарапынан өтемақы төлене ме?

ЖАУАП

Юрий ИЛЬИН, *төтенше жағдайлар министрі:*

«Төтенше жағдайға тап болған азаматтарға мемлекет тарапынан көмек ретінде қаржы резерві қарастырылған. Аталған көмек республикалық және жергілікті бюджет есебінен жүргізіледі. Ол үшін жылдық бюджет алдын ала қарастырылады. Егер жергілікті бюджет аздық етсе, онда республикалық бюджет есебінен төленеді. Таяу күні ғана еліміздің бірнеше өңірінде қатты жел, боран болып төтенше жағдай жарияланды. Соның салдарынан мемлекеттік және жеке нысандар зардап шеккені белгілі. Сондықтан жеке мүлікті сақтандырған абзал. Төтенше жағдай болғанда сақтандыру бойынша өтемақы төленеді».

БИРЖАМЕТР

МҰНАЙ (brent)	104,42
DOLLAR	469,5
EURO	525
РУБЛЬ	5,51

ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ

ЕҢБЕК НАРЫҒЫН ҚАНДАЙ ӨЗГЕРІС КҮТІП ТҰР?

Еңбек кодексіне «жас қызметкер» ұғымын қосу. Жас маманның үш айдан соң жұмыстан шығарылуына жол бермеу. Өзін-өзі жұмыспен қамтитындарды «көлеңкеден» шығару. Мүмкіндігі шектеулі жандардың жұмысқа орналасуына септесу. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі жұмыспен қамту саласында бірқатар өзгерістер енгізбекші.

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі Ержан Біржанов Орталық коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз конференциясында жұмыспен қамтуға байланысты біраз мәселеге тоқталды. Бүгінге дейін жас маман үш ай сынақ мерзімінен өте алмаса, жұмыстан шығып қалатын. Ендігі кезде жас қызметкер талаптарға толық сәйкес келмесе, жұмыс беруші оның біліктілігін қосымша арттыруы тиіс. Сондай-ақ ол өзге өңірлерден келген жастар үшін тұрғын үй жалдауға көтерме жәрдемақы енгізу керектігін айтты. Бұл өзгерістер Халықтың табысын 2025 жылға дейін арттыру бағдарламасы аясында да ұсынылып отыр.

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі көмекке мұқтаж жастарды анықтайтын жаңа жүйе енгізеді. Ержан Біржановтың айтуынша, көп жағдайда жастар жұмыспен қамту орталықтарына келмейді, оқыту мәселесі бойынша қызмет алуға жүгінбейді. «Сондықтан біз әлеуметтік портрет бойынша көмекке мұқтаж, бірақ жұмысқа орналаспаған, оқымайтын, орталықтарға келмейтін адамдарды анықтауға мүмкіндік беретін «Ерте анықтау жүйесі» ақпараттық жүйесін енгіземіз. Бұл тұлғаларға проактивті форматты қолданамыз», – деді ол. Бүгінгі күнге дейін жұмыспен қамту орталықтары өтініш беру сипатындағы қызмет көрсетуге бағдарланған. Бұрын жастар өздері келіп тіркелсе, биылғы жылдан бастап өзара іс-қимылдың жаңа форматы іске қосылады. Соған сәйкес, жұмыссыз жастарды өздері анықтап, оларға смс-хабарламалар жіберіледі. Онлайн-режимде оқудан өту, қысқа мерзімді курстардан өту немесе қоғамдық жұмысқа тарту сияқты түрлі қызмет түрлері ұсынылады. Осылайша жұмыспен қамту орталығына келмейтіндерге ақпарат жіберіледі.

Тағы бір жағымды жаңалық – еліміздің еңбек нарығындағы өзгерістерге байланысты жастарды жұмысқа орналастыруға көмектесетін жаппай қайта даярлау «фабрикаларын» ашу жоспары. Бүгінгі күні сыртқы факторлар еңбек нарығына кері әсерін тигізуде. Осы орайда Е.Біржанов мынадай мысал келтірді: бізде жұмыспен қамтылғандардың 15 пайызы орта білімді. Оларға жұмысқа орналасу қиын. Түлектердің 40 пайыздан астамы өз мамандығы бойынша жұмысқа тұра алмайды. Мектеп бітірушілердің 34 пайызы мамандықты өздері таңдамайды. Оқуды аяқтаған соң олар жұмысқа орналаса алмайды. Сондықтан оқушы мектептен шыққан кезде өзіне ұнаған оқу орнына саналы түрде түсу үшін кәсіби бағдар беру маңызды. Осы орайда еңбек министрлігі колледждер мен жұмыс істеп тұрған кәсіпорындар базасында жаппай қайта даярлайтын және біліктілікті арттыратын «фабрикалар» ашу қажет дейді. Мұндай фабрикаларды ең алдымен жастардың басым бөлігі шоғырланған Алматы, Шымкент қалаларында іске қосу жоспарланды. Е. Біржанов: «Бұл АҚШ және Еуропа мен Азия елдерінің тәжірибесі, дағдарыс кезінде олар адамдарды басқа мамандыққа шапшаң үйретті. Бұл 2-3 жылдық оқу емес, 2-3 айлық курстар. Оған қатысқандар кәсіпті жылдам үйреніп, сертификат алады. Нарыққа да жылдам шығады» – деп түсіндірді.

Ал өзін-өзі жұмыспен қамтитын жандардың еңбек құқығын қорғау үшін «Платформалық жұмыспен қамту» жүйесі жүзеге асырылады. «Қызмет көрсету саласында 900 мыңға жуық адам жұмыспен қамтылған. Олардың бір бөлігі заңнан тыс, яғни бір реттік қызмет көрсетеді және көп бөлігі тапсырыс берушілер тарапынан қорғалмаған. Осыған байланысты біз «Платформалық жұмыспен қамту» бағдарламалық өнімін жасадық. Ол қазір тестілеуден өтіп жатыр. Күзет, азық-түлік жеткізу, үй тазалау сияқты қызмет көрсететін тұрғындар осы қосымшада тіркеліп, тапсырыс қабылдай алады. Оған қоса, онда тараптардың құқықтары мен міндеттері, орындаушының еңбек құқықтарын қорғау қарастырылған», – деді вице-министр. Оның айтуынша, бұл көлеңкеде қалған адамдардың бір бөлігін кәсіпкерлік ортаға шығаруға және неғұрлым жоғары деңгейіне одан әрі көтеруге мүмкіндік береді. Қосымша арқылы олар оңай тіркеліп, салық төлей алады.

Мүмкіндігі шектеулі жандардың жұмыспен қамтылуы да министрлік назарынан тыс қалмады. Вице-министр Е.Біржановтың келтірген мәліметінше, елімізде 770 мыңнан астам мүмкіндігі шектеулі жан өмір сүреді. Олардың 127 мыңы ғана жұмыс істейді. «Мүгедектігі бар адамдарды жұмысқа орналастыру квотасы бар. Бұл талап зиянды өндіріске жатпайтын орта және ірі кәсіпорындарға қатысты. Олар квотаны орындамаса, әкімшілік жауапкершілікке тартылады. Алайда айыппұлдан көп жағдайда пайда жоқ. Сондықтан еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі қосымша қадағалау тетігін енгізбекші. Дегенмен бұл мәселенің екінші жағы бар. Мүмкіндігі шектеулі жандардың барлығында жұмыспен қамтуға жарайтын кәсіби біліктілігі бола бермейді. Сондықтан министрлік оларды қандай да бір кәсіпке оқыту жағына басымдық береміз деп отыр.

Жалпы еңбек министрлігінің мәліметінше, 2025 жылға дейін екі миллионнан астам, оның ішінде 600 мыңнан астам тұрақты және 1,4 миллионнан астам уақытша жұмыс орындары құрылады. Барлық жаңа жұмыс орындары «Жұмыс орындарын құрудың интеграцияланған картасы» ақпараттық жүйесінде көрініс табады. Елімізде екі айдың қорытындысы бойынша 65 мыңға жуық жұмыс орны ашылған, оның ішінде 16 мыңнан астамы – тұрақты жұмыс орындары.

Талап ТІЛЕГЕН

Мінбер

БИОЛОГИЯЛЫҚ ҚАУІП-ҚАТЕРДЕН САҚТАСЫН!

Елімізде алғаш рет әзірленген «Қазақстан Республикасының биологиялық қауіпсіздігі туралы» заң жобасы екінші оқылымда мақұлданып, Парламент Сенатына жіберілді. Бұл – Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың халыққа Жолдауында Мәжіліске берілген тапсырмалардың бірі болатын. Президентіміз осынау маңызды бастамасын Түркітілдес мемлекеттердің Ынтымақтастық Кеңесі Саммитінде және Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының 75-сессиясында жариялап, БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесіне есеп беріп отыратын Биологиялық қауіпсіздік жөнінде Халықаралық агенттік құру туралы ұсыныс енгізген еді.

Заң жобасы әр түрлі инфекциялардың алдын алып, болдырмауға, ескертуге, осы бағытта болжамдар жасауға халықтың денсаулығын, жануарлардың жай-күйін күйттеп, сақтауға қоршаған ортаны биологиялық қауіп-қатерден қорғауға заңды мүмкіндіктер береді. Сонымен бірге еліміздегі барлық биозертханаларды жарақтандыру, ондағы білікті мамандарды әлеуметтік жағынан қолдау, биоқауіпсіздік саласында бірыңғай мемлекеттік ақпараттық жүйені құру ісі қарастырылып отыр. Төтенше немесе соғыс жағдайында жоғары қауіп көзін туғызатын орындар мен ошақтардың жұмысын азаматтық қорғаныс тәртібімен реттеу де пысықталған. Ең бастысы – биологиялық қауіпсіздік саласында үйлесімді мемлекеттік басқару жүйесі орнайды.

«Қазақстан Республикасының биологиялық қауіпсіздігі туралы» заң жобасы 2021 жылғы 8 желтоқсанда Мәжілістің жалпы отырысында бірінші оқылымда мақұлданды.

Заң жобасын пысықтау барысында депутаттар заң жобасының мазмұнын, жалпы сапасын жақсартатын түзетулер енгізді. Оның ішінде:

– биологиялық қауіпсіздік саласындағы қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік органдарды, олардың құзыреттері мен өкілеттіктерін нақтылау бойынша түзетулер қабылданды;

– биологиялық қауіпсіздік саласындағы талаптардың сақталуын мемлекеттік бақылау және қадағалау тетіктерін жетілдіру мақсатында заң жобасы жедел ден қою шараларын қолдану тәртібін реттейтін жаңа баппен толықтырылды;

– ақпарат алмасу бөлігінде биологиялық қауіпсіздік саласындағы халықаралық ынтымақтастықтың басымдықтары мен бағыттары, оларды оқшаулау мен жоюға қатысу жүзеге асырылатын төтенше жағдайлардың түрлері нақтыланды;

– патогенді биологиялық агенттермен жұмыс істеуге рұқсат беру, биологиялық қауіпсіздік саласындағы есепке алу және мониторинг тетіктері нақтыланды;

– биологиялық қатердің туындау және оларды жою жағдайларында қолдануға арналған дәрілік заттарды, препараттар мен медициналық бұйымдарды жедел мемлекеттік тіркеу мүмкіндігі көзделген;

– патогенді биологиялық агенттерді жіктеу критерийлері нақтыланды;

Адамдардың, жануарлар мен өсімдіктердің ауру жағдайларын биологиялық қатерлерге жатқызу мәселелерін реттейтін нормалар пысықталды. Атап айтқанда, адамдардың, жануарлар мен өсімдіктердің ауруы бойынша нақты қандай статистикалық және есептік деректердің артуы елдің биологиялық қауіпсіздігіне қауіп төндіретіні нақтыланды. Сондай-ақ заң жобасының нормаларын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келтіру мақсатында түзетулер, редакциялық сипаттағы түзетулер енгізілді.

Жұмыс тобының 20 отырысы, сондай-ақ бас Комитеттің 2 кеңейтілген отырысы өткізілді. Салыстырмалы кесте қабылданған 307 позициядан тұрады.

Мәжілістің барлық комитеттері заң жобасы бойынша оң қорытындыларын берді.

Дархан МЫҢБАЙ,
Мәжіліс депутаты, заң жобасы бойынша жұмыс тобының жетекшісі

Аптаның айтары

Болат ЖӘМІШЕВ,
«Қазақстан халқына» қорының төрағасы:

«Қор тұрғын үй сатып алу мәселесімен айналыспайды. Есептеп көргенде, баспанаға мұқтаж кезекте тұрғандарға екі бөлмелі пәтер сатып алу үшін қорға 70 жыл уақыт керек. Бұл біздің міндетімізге кірмейді».

Аптаның сауалы

Фахриддин ҚАРАТАЕВ,
Мәжіліс депутаты:

«Ондаған жылдар бойы кезек күтіп, баспанаға әрең қол жеткізген тұрғындардың өкпесі қара қазандай. Өйткені үйлерінің шатырынан су сорғалап, кірпіші құлаған, қабырғасы жарылып, көтеріліп, едені опырылған, сырты түсе бастаған. Осындай тұрғын үй кешендерінде қаншама халық жанын шүберекке түйіп амалсыз өмір сүруде. Ертең осы үйлер құласа, бұған кім жауапты болмақ?».

Сөз-Жебе

Наталья ГОДУНОВА,
республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің төрағасы:

«Ауылдардың көбінде интернет жоқ. Соның салдарынан балалардың бәрі бірдей деңгейде білім алуын қамтамасыз ете алмаймыз. Екіншіден, интернет жоқ жердегі халыққа облыс орталықтарының тұрғындары емін-еркін алатын мемлекеттік қызметтерді көрсете алмаймыз. Әрі кетсе, аудан орталықтарында, коммуникацияларға жақын орналасқан кенттерде ғана ондай мүмкіндік бар.
Тіпті астананың өзінде, Алматы ауданында, кейбір кенттерде интернет жоқ. Операторлар ол жерлерге интернет тартудың табысы аз екенін айтады. Бірақ операторлардың бұдан басқа табысы өте жоғары жобалары бар ғой. Табысты сол жобалардың есебінен толтыруға болады. Интернетпен жабдықтау көлемі 100 пайыз болуы керек. Оның үстіне «Қазақтелекомның» 51 пайызына мемлекет иелік етеді».

Бейбіт ИСАБАЕВ, *Сенат депутаты:*

ТҰРАҚТЫ ЖҰМЫС ОРНЫ АШЫЛСА, ЖАСТАР АУЫЛҒА БАРАДЫ

Біздің сұхбат

(Басы 1-бетте)

Жоғары оқу орындары мен колледж түлектерін жұмысқа орналастыру бойынша платформа құруды ұсынып отырмыз. Бастама жүзеге асып жатса, соңғы курстардың студенттері мен жұмыс берушілердің электрондық еңбек биржасымен интеграцияланған цифрлық

платформа құрылады. Бұл әлеуетті түлектердің мамандануы, оқуды аяқтау күні, бағалары көрсетілген транскрипт және басқа да мәліметтері бойынша егжей-тегжейлі өз профильдерін жасауға мүмкіндік береді. Платформаға енгізілетін деректерді барынша автоматтандыру және оқытушылар құрамына әкімшілік жүктеменің ұлғаюына жол бермеу керек. Жүйе жұмыс берушілер авторизациядан өткеннен кейін түлектер туралы ақпаратқа қол жеткізуге мүмкіндік беруі тиіс. Бұл студенттің дағдыларын бағалауға, оларды нарықтың ағымдағы қажеттіліктерімен салыстыруға, сондай-ақ оқу бағдарламасы аяқталғаннан кейін жұмысқа орналасуды немесе оқу кезінде тағылымдамадан өтуді ұсынуға мүмкіндік береді. Жалпы бұл процестерді цифрландыру жұмыс берушілерге болашақта студенттердің оқу процесіне әсер етуіне, нарық қажеттіліктерін ескере отырып, оқу жоспарын толықтыруға және өзгертуге, жаңа оқу курстарын қаржыландыруға мүмкіндік береді. Сонымен бірге жоғары оқу орындары мен колледждер арасындағы бәсекелестікті қалыптастыру, сондай-ақ білім беру сапасын жақсарту үшін оларға мемлекеттік тапсырыс шеңберінде бөлінетін қаражат көлемін тұрақты жұмыс орындарына орналасқан түлектер санына қарай бөлген жөн, ысырапшылдыққа жол берілмеуі тиіс. Түлектерді жұмысқа орналастыру мониторингін жүзеге асырып, олар үшін Үкіметпен кері байланыстың ашық көздерін ашу қажет. Ұлттық экономиканы әртараптандырып, жаңа өндірістерді іске қосу, еңбек өнімділігін және инновациялық өнім көлемін арттыру арқылы сапалы (тұрақты) жұмыс орындарын ашуымыз керек.

Jas qazaq: Сіз депутаттық сауалыңызда бес жылға еңбек ресурсына сұраныстық болжам жасалуы керек деп айтыңыз. Соны тарқата түссеңіз.

Бейбіт Исабаев: Елдегі жұмыспен қамту проблемаларын шешуге бағытталған, оның ішінде кадрларды даярлау, қайта оқыту және қайта даярлау жөніндегі іс-шаралардың көпшілігі нарықтың жас маманға деген қажеттілігін тиісінше зерделемей жүзеге асырылады. Зерттеу, зерделеу болмағандықтан да, еңбек нарығы мен білім беру саласы арасындағы байланыс әлсіреді. Маман даярлауға мемлекеттік тапсырыстар егжей-тегжейін білмей бөлінеді. Бұл еңбек нарығының жекелеген сегменттерінде сұраныс пен ұсыныс арасындағы сәйкессіздіктердің артуына әкеледі, яғни кейбір мамандардың артық болуы және басқаларының жетіспеушілігі осындай орашолақ әрекеттен кейін байқалады.

Мысалы, 2021 жылғы желтоқсандағы жағдай бойынша, 168 033 адам оқуды аяқтады, оның ішінде 160 673 адам жұмысқа орналасуға талпынып көрді делік, 110 743 адам жұмысқа орналастырылды (*68,9%*) мемлекеттік тапсырыс шеңберінде ЖОО түлектерінің саны 47 388 адамға жетіп отыр, оның ішінде 40 028 адам жұмысқа орналасуға сақадай-сай жарамды, оның ішінде 32 088 адам (*80,1*) жұмысқа орналастырылды.

Мемлекеттік тапсырыспен жұмысқа орналастыру бағыттары бойынша: «құқық» – 59,4%; «ветеринария» – 64%; «әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес» – 68%; «ауыл шаруашылығы мамандықтары» – 69,8%; «техникалық ғылымдар және технологиялар» 70,9%. Мұндай жағдай, сайып келгенде, мемлекеттің еңбек ресурстарын да, қаржы ресурстарын да тиімсіз пайдалануға әкеледі.

Осыған байланысты дамыған елдердің тәжірибесі бойынша экономиканың кәсіптер мен біліктіліктер бойынша кадрларға қажеттілігін зерделеу бөлігінде жыл сайынғы арнайы зерттеулер жүргізудің, сондай-ақ таяудағы 5 жылға еңбек ресурстарына болжамды сұранысты жасаудың объективті қажеттілігі пісіп-жетілді.

Еңбек нарығындағы сұраныс пен ұсыныстың теңгерімділігіне оқу орындарының бағдарламалары мен стандарттары осы сұранысқа, жұмыс берушілердің талаптарына сәйкес әзірленген кезде ғана қол жеткізіледі. Сонда ғана біз еңбекке жарамды қол-аяғы балғадай, жоғары білімі бар жастардың ресурсын мемлекеттің дамуына бағыттап, шарапатын көре аламыз.

Jas qazaq: Өндірісті, ауыл шаруашылығы саласын өрістетуді қолға алып, стратегиялық жоспар құру арқылы жеке секторды дамыту жолымен де жастарды жұмыспен қамтуға болмас па?

Бейбіт Исабаев: Бүгінде елімізде жұмыс орындарын ашуға бағытталған түрлі мемлекеттік бағдарламалар жұмыс істейді. «Жоқ, жоқ» деп жона беріп, ауызды қу шөппен сүрткен жарамас. Бағдарлама бар, жүзеге асырылып та жатыр. Алайда еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігі саралайтын еңбек нарығына мамандықтар бойынша болжамдары нарықтағы теңгерімсіздікті мемлекеттік деңгейде айқындауға мүмкіндік бермей, мемлекеттік органдар бытыраңқы жұмыс істейтінін көрсетіп отыр. Сонымен қатар шағын және орта бизнестің жұмыс күшіне қажеттілігі мемлекеттік деңгейде шешімдер қабылдау кезінде ескерілмейді. Ал бизнестің өзі бұл процеске іс жүзінде тартылмаған. Бұған қоса, автоматтандыру және цифрландыру бойынша жаһандық трендтер жұмыс күшін босатудың қосымша тәуекелдеріне алып келуде.

Осыған байланысты өңір аралық мониторинг пен еңбек ресурстарының ағынын болжаудың бірыңғай құралын әзірлеу және енгізу ұсынылады. Бизнестің белсенділігін алға тарта отырып, оның ішінде ауыл шаруашылығы саласындағы субъектілер бойынша да өңірлер бөлінісінде жұмыс орындарын құруды және еңбек нарығы бойынша болжамдарды көздейтін қолданыстағы мемлекеттік бағдарламалар мен инвестициялық жобалардың барлық іс-шараларын бірыңғай электрондық платформада басқару қажет. Бұл министрліктің дерек көздерімен, жобалар мен құрылатын жұмыс орындары (*жұмыс орындарын құру мониторингі жүйесі*) бойынша салалық министрліктердің деректерімен қабысып жатуы тиіс. Сондай-ақ мемлекеттік органдардың бірлескен жұмысын қамтамасыз ету үшін стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің үйлестіруімен ұлттық экономика, еңбек және халықты әлеуметтік қорғау, білім және ғылым министрліктері және т.б. құзырлы мемлекеттік органдар мен аймақ әкімдерінің, жұмыс берушілердің бірлескен жұмыс алгоритімі мен оны нақты жүзеге асырудың механизмдерін бекіту, мемлекеттік органдар мен жұмыс берушілердің ақпараттық жүйелерінің бірыңғай интеграциясын жасау керек.

Осылардың негізінде біз шалғайдағы ауылдық елді мекендердің әлеуметтік-экономикалық әлеуетін арттырып, тұрақты жұмыс орындарын қалыптастыру мақсатында тірек ауылдық елді мекендерде зәкір іспетті бизнес субъектілерін, оның ішінде ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру, өңдеу, қайта өңдеу, қызмет көрсетуді дамыту арқылы жандандырамыз. Ауыл-ауылға көштің бағытын қайта бұрып, көші-қонды ынталандыру, ауыл инфрақұрылымы мен коммуникация желілерінің деңгейін қалалық өмір сапасына жақындатуымыз керек. Сондай-ақ жедел түрде ұлттық экономиканы әртараптандыру, жаңа өндірістерді іске қосу, еңбек өнімділігін арттыру, инновациялық өнім көлемін, ғылымға инвестицияларды ұлғайту, негізгі қорларды жаңарту, өнім шығару мен шағын және орта бизнесте жұмыс істейтін адамдар үлесін арттыруды қолға алып, халықтың әл-ауқатының нақты, орнықты өсуіне және халықтың орта тобын қалыптастыруға қол жеткізе аламыз. Тұрақты жұмыс орны ашылса, жастар ауылға бармайды емес, барады. Тек істің тігісін жатқызып, тетігін таба білуіміз керек.

Jas qazaq: Әңгімеңізге рахмет.

Қуаныш ТАҢҚЫ

Өлді деуге сыя ма...

ҚОШ БОЛ, БАТЫР!

Отандық журналистика ауыр қазаға ұшырады. Танымал медиаменеджер, журналист Батыр Кәкімжанұлы Қазыбаев 53 жасына қараған шағында ұзаққа созылған сырқаттан қайтыс болды.

Батыр Қазыбаев 1969 жылы 6 қаңтарда көрнекті журналист, жазушы Кәкімбек Қазыбаев пен белгілі ұстаз Орынша Қарабалина-Қазыбаеваның шаңырағында дүниеге келді. Әке жолын қуып, отандық журналистика саласында елеулі жетістіктерге қол жеткізді.

Батыр Қазыбаев 10 жылдан астам уақыт құрамына Tengrinews.kz, Vesti.kz, Massaget.kz ақпараттық порталдары кіретін медиахолдингті, Жұлдыз FM радиостансасы, Ретро FM Қазақстан, СТВ телеарнасын басқарды. «Жетінші арнаның» негізін қалады.

Батыр Қазыбаев – медиасфераға жол салған тұлға. Жаңа идеяларға ашық еді, бірінші болудан және тәуекелге барудан қорықпады. Ол Қазақстан журналистикасында ерекше із қалдырды.

Ердің жасы елуден асқанда көз жұмған аяулы әріптесіміздің қазасына қайғырып, марқұмның анасы Орынша Қарабалина-Қазыбаеваға, отбасына, ағайын-туысына, дос-жарандарына көңіл айтамыз.

Jas qazaq газетінің ұжымы

Мәселе

МАЛЫМЫЗ НЕ БОЛАДЫ, ТӨЛІМІЗ НЕ БОЛАДЫ?

(Жамбыл облысындағы шаруалар жарылыстан қорқып отыр)

(Басы 1-бетте)

Шаруа қожалығының иесі Сырым Базарбаев: «Алдында жарылыс болғанда қорқып, бала-шағамызды алып қашып, қорқып қалдық. Қазір жарылыс жасаса, тағы да жарықшақтары ұшады. Ол бала-шағаға тие ме деп қорқамыз. Бұл жерде малшыларымыз тұрады. Оның үстіне өзіміз де ат үстінде жүрміз», – дейді.

Әскери полигон аумағында 15 шақты қожалық бар. Тіпті бір қоражай жарылыс болатын жерге тым жақын орналасқан. Былтыр оқ-дәрілерді жою кезінде кей малшыларды төрт түлігімен қоса, басқа жерге көшірген екен. Ал биыл қауіпсіз жерге ауыстыру тұрмақ, ескерту де айтылмады деп ашынады шаруалар.

«Малымыз не болады, төліміз не болады? Жарылыстан мынандай қалдықтар ұшады. Бір, бір жарым шақырымға дейін ұшады. Не көше алмаймыз. Күзді күні айтты, түсіндік. Екі ай құмда болып келдік, жарылыс тоқтағанша. Қазір не әскериден, не әкімдіктен ескерту болған жоқ», – деп шырқырайды шаруа қожалығының иесі Ғалымжан Акупов.

Ал шенеуніктер жарылыс жасау әскерилердің шешімі деп ақталды. Бірақ дер кезінде жақын маңдағы барлық шаруа қожалықтарға ескерту жасалды деп отыр. Тіпті халық шулаған соң Оңтүстік әскери қолбасшылығына шығып, осы мәселені шешуге тырысыпты. Сөйтіп оқ-дәрілерді жою жұмыстары бүгін, ертең басталмайды. Жарылыс кейінге шегеріліпті.

Байзақ ауданы әкімінің орынбасары Қайрат Ысмайыл: «Халықтың талап-тілегін біз жеткіздік. Біздің өтінішке сәйкес, бұл іс-шараны бір айға кейінге қалдырып отыр. Ол кезде сақман уақыты да аяқталып қалады. Жалпы құмды өңірге көшуге қиындықтар болмайды», – деп отыр.

Байзақ ауданындағы әскери қоймадан шығарылған жарылғыш заттардың бір бөлігі былтыр қазан айында жойылған. Ол кезде жару жұмыстары бір айға созылды. Талап бойынша күніне 400 келіден артық оқ-дәріні жоюға болмайды екен. Өйткені мөлшері көп болып кетсе, жақын маңдағы ауыл тұрғындарына қауіп төндіруі мүмкін. Естеріңізде болса, жарты жыл бұрын Байзақтағы әскери қоймада жарылыс болып, 17 адам көз жұмды. Бір әскери іс-түзсіз жоғалып, одан әлі күнге хабар жоқ. Ал оқыс оқиғаның себебі күні бүгінге дейін белгісіз.

Диас НҰРАҚЫН

E-mail: jasqazaq2019@mail.ru / www.jasqazaq.kz

Геоэкономика

«АЛТЫН ДАРИЯНЫҢ» АҒЫСЫ БӨГЕЛГЕНДЕ

(Басы 1-бетте)

Ал мәселенің мәнісі неде? Мән-жайына үңілейік. Көзі қарақты қауым «Алтын дария» дегенде әлемдік базарға баратын мұнайдың сөз етілгенін жақсы біледі. Әңгіме Атырау өңірінен терістік көршіміздің Қара теңіз жағасындағы айлағына тартылған құбыр төңірегінде. Көпшілікке Каспий құбыр желісі консорциумы деген атаумен жете таныс. Дүлей дауыл сол айлақта мұнайды танкерге тиейтін қондырғыларды істен шығарды. Бір жақсысы, көп өтпей, олардың біреуі жөнделді. Қалғаны сәуірдің ортасына пайдалануға беріледі деп күтілуде.

Қазақ мұнайының елеулі бөлігі осы бағытпен жеткізілетіні белгілі. «Қара алтынның» күретамыры мен ертеңгі халі хақында сөз қозғамас бұрын, оның тарихына тоқталған орынды. Бұл құбыр желісінің мән-маңызымен қабат, қазіргі құбылмалы ғаламдағы кереғар үрдістерді сипаттауға септігін тигізер деген ойдамыз.

Өткен ғасырдағы 90-шы жылдардың соңында мұнай-газ саласына маманданып жүрген тілшілерге «қара алтын» тасымалы ең күрделі де тартымды тақырып-тұғын. Үкіметте оны жіліктеп, көпшілікке қарапайым тілмен түсіндіріп беретін ауызы дуалы сарапшы да болды. Содан шығар, бәріміз өз ісінің нағыз білгірі Қайыргелді Қабылдин өткізетін басқосуды асыға күтетінбіз. Ол кезде интернет жоқ. Мағлұмат тапшы. Таным-түсінігіміз үстірт. Қойған сұрағымыз да нысанаға дөп тимей, айналсоқтап жүретін. Ондайда Қайрекең мысқылдап күлмейді, кейбір астамсыған шенеуніктей «соны білмейсің бе?» деп ұрыспайды. Карта бетіндегі қызыл, көк сызықтармен белгіленген бағыттарды тәптіштеп түсіндіреді.

Майталман маманның арқасында мұнайды игеру шетін іс екенін, ал оны әлемдік базарға жеткізудің машақаты одан да зор екенін түсіндік. Каспий мен Аралдың ешқандай мұхитқа апармайтын «алып көл» екенін білдік. Қазақстанның теңіз жолдарынан алыс жатқан ел екенін білдіретін құлаққа тосындау Landlocked County дейтін терминді естідік. Жас мемлекеттің көпвекторлық сыртқы саясат секілді шикізат тасымалында да баламалы бағыттарға өте-мөте зәру екеніне көз жеткіздік.

Құбыр тартылған, тасымал жолға қойылған бүгінгі күннің биігінен қарасаң, бәрі оңай боп көрінуі кәдік. Бірақ қалтарыс-бұлтарысы көп, мүдделер текетіресі бәсеңсуді білмейтін ғаламдық нарыққа енді кіріп жатқан жас мемлекетке оңай болған жоқ. Капитализм керуенін бастаған алпауыттармен тіл табысып, әлемдік базарға жету үшін, бейнелеп айтқанда, жоқтан барды жасауға тура келді. Қадым заманда «барлық соқпақ Римге апарады» дейтін. Қазақ елінің тауарын тек Ресей аумағы арқылы тасымалдауға болатын сол тұста. Қытайға әлі құбыр тартылмаған кез. Каспийдің күнгейіндегі Иранға қарай ең төте жолмен Парсы Шығанағындағы порттарға қарай құбыр төсей алмайсың. Өйткені санкция салқыны бұған рұқсат бермейді. Рас, Тehранмен мұнай алмасу (*swap*) жөнінде келісім жасалды. Бірақ көлемі аз болғандықтан, жоба тиімді бола қойған жоқ. Осы арада айта кететін тағы мәселе бар. Ол – елімізде өндірілетін мұнайдың біраз бөлігі нарықтағы ресейліктермен бәсекелес Батыс компанияларының еншісінде болуы.

Міне, осындай қиын шақта біздің билік соқтықпалы, соқпақсыз жерде жол таба білді. Атыраудағы Теңіз кенішінде шығарылатын қара майды тасымалдау үшін қарышты қадам жасалды. 1992 жылғы шілдеде Қазақстан мен Оман сұлтандығы арасында Каспий құбыр желісі консорциумын (*ҚҚК*) құру туралы жөнінде уағдаласты. Бір айдан кейін келісімге Ресей қосылды. Ал 1996 жылы 7 мемлекеттің компаниялары жобаның акционерлері атанды. Олардың арасында Chevron, LUKARCO, Mobil, Rosneft-Shell, «Транснефть» сияқты алпауыттармен бірге отандық «ҚазМұнайГаз» да бар.

Үш жылдан кейін ұзындығы 1500 шақырымдық құбыр желісі инфрақұрылымының құрылысы басталды. 2001 жылғы наурызда «Теңізшевройл» компаниясы өндіретін алғашқы мұнай құбырға жіберілді. Сол жылдың қазан айында Ресейдің Новороссийск айлағы маңындағы Оңтүстік Озереевка терминалынан алғашқы танкер жолға шықты. 2004 жылы Краснодар өлкесінде орналасқан «Кропоткинская» мұнай айдау стансасында Ресейде өндірілетін қара май ҚҚК жүйесіне келіп қосылды. Мұны айтып отырғанымыз, аталған құбыр желісімен тек біздің мұнай ғана тасылмайды. Демек табиғаттың тентек мінезі орыс мұнайшыларына да жайсыз тиді.

Жобаның бастапқы қуаты 28,2 млн тонна-тұғын. ҚҚК бұл межеге 2004 жылы жетті. Бес жылдан кейін Жобаның өткізу мүмкіндігін кеңейту жоспары қолға алынды. Сөйтіп 2018 жылы құбыр желісі арқылы жылына 67 млн тонна «қара алтын» тұтынушылардың игілігіне жарады. Алдағы жылы көрсеткішті 80 млн тоннаға жеткізу көзделіп отыр. Консорциум Бас директоры Николай Горбань айтқандай, құбыр желісі тасымалданатын әрі CPC Blend (*ҚҚК Қоспа*) деп аталатын халықаралық нарықта айрықша сұранысқа ие. Айта кеткен жөн, мұнай құрамындағы күкірттің үлесі де көп емес. 0,54-0,56 пайыз шамасында. Әлгі қондырғылардың тезірек іске қосылуына, сауда-саттықтың жандануына көптеген елдер мүдделі деген сөз.

Осы аптада энергетика министрлігі Каспий құбыр желісі консорциумының терминалында жөндеу жөндеу жұмысы жүргізіліп жатқандықтан, мұнай өндірісінің көлемі тәулігіне 320 мың баррель (*1,3 млн*) тонна болуы мүмкін екенін хабарлады. Министрлік осы қысқару еліміздің ОПЕК+ шеңберінде алған міндеттемесінің бір бөлігі деп қарастырылатынын жеткізді. Айта кету керек, ОПЕК мүшелері мен аса ірі мұнай өндіруші мемлекеттер «қара алтын» нарығындағы бағаны тұрақтандыру мақсатымен өндіріс көлемін қысқарту жөнінде уағдаласқан. Бұған сәйкес, Қазақстанда шығарылатын мұнай 390 мың баррельге азаюы тиіс еді. Бюджеттің кіріс бөлігі 60 доллармен есептелгенін ескерсек, бұл қазынаға пәлендей салмақ түсірмеуі тиіс. Өйткені қазіргі баға 110 доллар төңірегінде.

Батыс пен Ресей арасындағы бұл жолғы санкция текетіресі қаншаға созылары әзірге белгісіз. Әйтеуір, бір күні аяқталары, халықаралық сауда-саттықтың қайта жанданатыны анық. Дегенмен оны күтіп, текке қарап отыруға да болмайды. Теңіз жолдарынан қашық жатқан Қазақ еліне ғаламдық базарларға апаратын жаңа бағыттар ауадай қажет. Ендігі жерде Азиядағы жаңа нарықтардың мүмкіндігі көбейетін секілді. Ендеше, Каспий теңізі, шығыс және күнгей бағыттардың әлеуетін пайдалану үшін білек сыбана әрекет ететін кез келді. Әңгіменің басында айтылған тасымалдағы көпвекторлық саясатты жандандыруға тура кеп тұр.

Срайыл СМАЙЫЛ,
экономикалық шолушы

Отандық БАҚ

ТЫНЫСЫ ТІҢ БҮГІНГІ АУДАНДЫҚ ГАЗЕТТІҢ

Қазіргі толассыз ақпарат ғасырында бұқаралық ақпарат құралдарының рөлі ерекше. Жаңалық атаулыны жылдам жариялайтын сайттар көбейген кезде «қағаз газет құриды» дегенді де естігенбіз. Бірақ әзірге республикалық, облыстық және аудандық деңгейдегі газеттер үзіліссіз шығып жатыр. Бұл да болса мемлекеттің қамқорлығы арқасында.

Халықтың рухани азығына айналған мерзімді басылым, оның ішінде аудандық газеттердің тыныс-тіршілігі қандай? Аудан тұрғындарының газетке деген ықыласы қаншалықты? Аудандық газеттің бас редакторлары өз ойларын ортаға салды.

Ғани БЕЙҚҰТБАЙ, *Алматы облысы Кеген аудандық «Қарқара» газетінің Бас редакторы:*

АУЫЛ ЖҰРТЫ **ГАЗЕТ ОҚИДЫ**

Мен өзім алғаш аудандық газетке мектеп бітіргеннен кейін фототілші болып орналастым. Осы ортада пісіп-жетіліп, журналистік жоғары білім алып, газеттің тыныс-тіршілігіне етене араластым. Бүгінде осы басылымның бас редакторымын. Осы аралықта аудандық газет қаншама қиындықтан өтті. Еліміздегі барлық аудандағы басылымдардың жағдайы бір-бірімен шамалас. Басылым бүгінде рухани шығармашылық орта, қаламгерлердің алғашқы шыңдалу мектебі. Аудан тұрмыс-тіршілігінің шынайы айнасы бола білді. Қоғамда коммуникация мен технология күнде өзгергенімен, рухани азық беретін құндылықтар өзгермейді. Ғаламтор пайда болғалы ақпараттық жүйе заманауи техника мен технологияға көшті. Қазір ақпарат деген әлеуметтік желі мен теледидарда ағылып жатыр. Еліміздегі біраз басылымдар сайт түріндегі нұсқаға көшті. Десек те, газет-журнал, кітапты қағаз түрінде шығарудың маңызы зор. Бізді әлем деңгейіндегі өркениет өріне сүйреп шығаратын – рухани құндылықтарымыз. Рухани құндылық дегеніміз – кітап, газет, журнал. Қала туралы айтпайын, бірақ ауыл жұртының әлі де газет оқуға құштарлығы азайған жоқ. Қағаз газетті сақтауға болады. Оның өзінің ерекшелігі бар. Газет тек қана ақпарат беруші емес, рухани азық. Газет оқыған адам өзіне керегін алады. Сондықтан газетке қазірден бастап көңіл бөліп, оны әрі қарай дамуына үлес қосуымыз керек. Енді аудандық газеттің жай-күйіне тоқталатын болсам, интернет желісі күшейгелі бері басылымға жазылу саны да азайды. Бұрын 10-15 адам жұмыс істейтін басылымдағы қызметкерлер саны екі есеге де қысқарды.

«Қарқара» газетін Кеген ауданының тынысы десе де болады. Бүгінде аудандық басылымның ахуалы жақсы. Дегенмен шешілуі тиіс біраз түйткілді мәселелердің бар екені де рас. Газет жеке меншікке өткеннен кейін біраз қиындықтармен бетпе-бет келдік. Осы орайда аудандық газеттерге берілетін мемлекеттік тапсырыс мәселесін бір жүйеге келтірсе деген ұсынысымыз бар. Өйткені басылым аудан әкімінің жұмысынан бөлек, Президенттің, Үкіметтің де жұмысын насихаттайды. Сондықтан аудандық газетке қолдау көрсетілсе дейміз.

Алтынбек ЕРМЕКҚАЛИЕВ, *Батыс Қазақстан облысы Жаңақала аудандық «Жаңарған өңір» газетінің Бас редакторы:*

АУЫЛДЫҢ ГҮЛДЕНУІНЕ **АУДАНДЫҚ ГАЗЕТТІҢ ҚОСАРЫ МОЛ**

Біздің «Жаңарған өңір» газеті аптасына бір рет, сегіз бет әрі түрлі-түсті болып шығады. Таралымы да жыл санап артып келеді. Газеттің техникалық базасы да жақсарды. Шығармашылық топ заманға сай құралдармен қамтамасыз етілді. Жазу, теру, құрау жұмыстарының бәрі компьютермен атқарылады. Газет макеті баспаханаға интернет арқылы жіберіледі. Жалпы аудандық газет мазмұны мен көркемдік жағынан аудан бойынша алдыңғы қатарда келеді. 2012 жылдың соңына дейін «Жаңарған өңір» ЖШС болып келген газет редакциясы облыстық «Жайық Пресс» ЖШС-ның Жаңақала филиалы болып қайта құрылып, жұмыс істейді.

Аудандық газет көтеретін мәселе де аз емес. Атап айтқанда, адамгершілік, имандылық, отаншылдық, ұлттық салт-дәстүрімізді насихаттау, ана тілінің мәртебесін көтеру, ұлтаралық бірлік пен татулық, тұрмыстық-әлеуметтік мәселелер, ауыл шаруашылығы, мәдени сала, оқу-ағарту, денсаулық сақтау, тағы басқа тақырыптар – газет мазмұнының өзегі. Бір сөзбен айтқанда, аудандық газет ауданның тыныс-тіршілігін толық қамтып, аудан айнасы болу мақсатын ұстанады. Ұлама ғалым, ұлтымыздың ардақты ұлы Ахмет Байтұрсынов сөзімен айтқанда, «Газет – халықтың көзі, құлағы һәм тілі». Аудандық «Жаңарған өңір» газеті осы талап деңгейінде жұмыс атқара бермек.

Кейінгі кезде барлық аудандық, облыстық басылымдар жеке меншікке өтті. Өз ойым, мемлекет нысанындағы баспасөздің жекеге өтуі – дұрыс саясат. Өйткені мемлекет меншігіндегі газет сол өңір, не аудан басшылығының айтқанымен ғана жұмыс істейді. Ал жекеменшік газет тендер арқылы мемлекеттік ақпараттық саясатты да жүргізеді, халықтың талап-тілегі мен сын-пікірлерін, тарихи, рухани дүниелерді де еркін баса алады. Аудандық басылымдар мен осыған ұқсас шаруалар атқаратын ұйымдарға бөлінетін мемлекет қаржысы 15 миллион теңгеден аспаса, тендерсіз-ақ өзара тікелей шарт жасасу арқылы қаржыландырылуы керек. Осы мәселе шешілсе, аудандағы газеттерге жан бітер еді. Әр ауданның тірлігі әр түрлі. Журналистер мен кез келген қалам ұстаған маман иесіне қамқорлық жасап, редакцияны көтермелеп отырған аудандар да бар. Баяғыда «Гүлденсе ауыл – гүлденеміз бәріміз» деп жырлаушы едік. Сол сөз әлі де мәнін жоғалтқан жоқ. Ауылдың гүлденуіне аудандық басылымдардың қосар үлесі мол. Ендеше, ауылдың рухани орталығы – аудан баспасөзіне көңіл бөлінсе екен.

Дайындаған Мақпал МАХАМЕТҚЫЗЫ

E-mail: jasqazaq2019@mail.ru / www.jasqazaq.kz

Қауіпсіз ел

Былтыр қазан айында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздің бүгіні мен болашағына арналған 10 ұлттық жобаны бекітті. Соның бірі – «Қауіпсіз ел» ұлттық жобасы. Аталған жобаның мақсаты мен міндеті қандай? Еліміздің тыныштығы мен қауіпсіздігін қорғайтын шекара қызметінің әлеуеті қандай? Осы және өзге де сауалдарға генерал-майор Ұлттық Қауіпсіздік Комитеті Шекара академиясының профессоры Нұрғали Асылов жауап берді.

Нұрғали АСЫЛОВ:

ТЫНЫШТЫҚ ШЕКАРАДАН БАСТАЛАДЫ

Jas qazaq: Нұрғали Жұмажанұлы, еліміздің қорғаныс қабілетін арттыруға арналған «Қауіпсіз ел» ұлттық жобасы туралы айтып берсеңіз. Жоба қалай жүзеге асырылып жатыр? Шекарамызды күзетіп, тыныштығымызды қорғайтын әскери мүмкіндіктеріміз қаншалықты дамыған?

Н.Асылов: «Қауіпсіз ел» жобасын ұлттық жобалардың ішіндегі ең маңыздысы деп атар едім. Аты айтып тұрғандай, еліміздің тыныштығы мен қауіпсіздігін қорғап, шегенделген шекарамызды күзетуді көздейтін жоба. Осы жобаның бір бағыты – Қарулы Күштерді жаңғырту. Қарулы Күштерде ақпараттандыру және ақпараттық-коммуникациялық технология құралдарын пайдалану аясын кеңейту. Сонымен қатар әскери ғылымды дамыту және ғылыми-эксперименттік базаны жетілдіру мәселелеріне жеке назар аудару қажет.

Бұл ретте сыни тұрғыда ойлауға және шешім қабылдауға қабілетті, қазіргі заманғы үлгідегі техникамен және қару-жарақпен жұмыс істей алатын кадрларды даярлау мәселесі де өзекті болып отыр. Осы жұмысты күшейту мақсатында Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдерінің және алыс шетелдердің ғылым-білім беру мекемелерімен байланысты кеңейту маңызды. Біз әлемдегі әскери-саяси ахуалдың өзгеруіне куә болып отырмыз. Одан әрі қорғаныс қабілетін нығайту жөнінде шаралар қабылдау қажеттілігі өңірлік қауіпсіздікке төнетін сын-қатердің бар екенін айқын көрсетеді. Мемлекеттің Қарулы Күштері үздік, қазіргі заманғы әскери стандарттарға сай болуы қажет. «Қауіпсіз ел» жобасы аясында Шекара қызметінде көрші мемлекеттермен шектесетін аумақты қорғау шаралары жүзеге асуда. Шекара шебіне жауапты құрылым мүшелерімен күнделікті кездесулер өтіп, қорғанысты арттыру, күзетті күшейту жағы талқыланады. Ең бастысы, шекара аумағына деструктивті дін өкілдерінің өтіп кетпеуі айрықша бақылауда. Бүгінде ақпарат алмасу жағында да жаңа технологияларды қолдану, техникалық мүмкіндіктерді пайдалану, шекара аймағы мен кеден бекеттерінде заң бұзғандарды анықтайтын автоматты құрылғыларды орнату сынды жұмыстар да жүргізілуде.

Jas qazaq: Әскери инфрақұрылымды жетілдіру, әскерді цифрландыру жұмыстары қалай жүзеге асып жатыр?

Н.Асылов: Бүгінде әскери инфрақұрылым мен әскери цифрландыру – ең өзекті мәселелердің бірі. Техника мен технология қарыштап дамыған заманда жаңа мүмкіндіктермен бірге даму еліміздің қауіпсіздігі үшін аса маңызды. Осы ретте әскери ғылым мен ғылыми-тәжірибелік базаны дамытуға көп көңіл бөлінуде. Ұлттық қауіпсіздік комитетінің басқаруымен мамандарды даярлау, әсіресе, ақпараттық-технология саласын жете меңгерген мамандарды тарту жағына басымдық беріледі. Сонымен қатар еліміздің ұлттық қауіпсіздігіне қатер төнгенде жедел шешім қабылдайтын, жедел әрекет ететін басқарушы мамандарды дайындау мәселесі де шешімін табуда. Ұлттық жобадағы тағы да ескере кететін жәйт – ел аумағында және біздің мемлекетімізден тыс жасалатын террористік әрекеттердің алдын алу. Шекара қызметкерлері мен әскерилердің ең басты міндеті – Отанды қорғау. Отанды қорғау дегеніміз – елінді, жеріңді, ата-анаңды, бауырларыңды, қоршаған ортаны қорғау. Сондықтан әрбір әскери қызметкер үшін өз міндетін адал атқарып, тәртіпке бағыну, ел қауіпсіздігі мен тыныштығына жауап беру – зор жауапкершілік дер едім.

Jas qazaq: Қарулы Күштерді заманауи әскери техникамен қамтамасыз ету жайы қалай?

Н.Асылов: Қаңтар оқиғасынан кейін бейбіт өмірдің құндылығы, елдің тұтастығы бәрінен де маңызды екенін бәріміз де түйсіндік. Мемлекеттің дамуына мүдделі ел осы құндылықтарды көздің қарашығындай сақтауы тиіс. Әлем бір орында тұрмайды. Өркендеп, алға ілгерілеген сайын неше түрлі сын-қатерлер алдымыздан шығуы мүмкін. Сондықтан заманауи техника мен әскери әлеуетімізді жаңа әскери техникамен жабдықтау мәселесі де өте өзекті. Адам өміріне қауіп төнбейтін мемлекетте ғана даму мен өркендеу бар. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қарулы Күштердің әскери дайындығын арттырып, ең алдымен сыртқы және ішкі қауіп-қатерлер туралы дер кезінде әрі нақты ақпаратпен қамтамасыз ететін әскери барлау қызметін күшейту керектігін атап көрсеткен болатын.

Бүкіл ел болып берекемізді сақтап, тұтасып, Отанымызға ерекше сүйіспеншілікпен қарап, қорғап, қолымыздан келгенше бейбіт өмірге ұмтылуымыз қажет. Ал сыртқы жаулармен қауіп-қатерден қорғану үшін әскери базамыздың мықты болуы – ең басты міндет. Бүгінде Қорғаныс министрлігі осы мәселеге жіті назар аударып, тиісті жұмыстар жүргізіліп жатыр.

Jas qazaq: Тәжірибелі маман ретінде болашақ сарбаздарға ең басты талап қандай? Оларға берілетін әскери білімнің маңызын айтып берсеңіз? Жас сарбаз нені білуі керек?

Н.Асылов: Елді қорғау – мемлекеттің қауіпсіздік саласында қатерлі де қауіпті қызмет болып табылады. Шекарада қауіп көп. Отанды қорғау міндетіне арыстандай айбатты, жолбарыстай қайратты азаматтардың тартылуы бекер емес. Сондай-ақ ұлттық жобаның басты міндеттерінің бірі – сапалы әрі білімді маман даярлау. Бұл ретте Шекара академиясы бірқатар оқу бағдарламасына өзгерістер енгізіп, маман даярлауда «Ақылды аймақ» ғылыми жобасын іске қосты. Жоба аясында сарбаздар өздерінің ерекше қабілеттерін дамыта алады. Менің ойымша, бүгінгі заманның талабы – ұдайы ізденісте болу. Оқуға, тоқуға құштар болу. Әрбір әскери мамандықты таңдаған азаматтың бойында ең алдымен Отанына, еліне деген сүйіспеншілік болу керек. Жерді қорғау, елді қорғау оның ең басты міндеті екенін де ұмытпағаны абзал.

Jas qazaq: Әңгімеңізге рахмет.

Мақпал НОҒАЙБАЕВА

Табиғатты қорғау

АТҚАН АҢНЫҢ СҰРАУЫ БАР

Қазір көктем мезгілі, төрт түліктің түлейтін, төлдейтін маусымы. Төрт түлік қана емес, жан-жануарлар мен аң-құстар да тіршіліктің оянған шағында көбею шағын өткереді. Мұндай кезеңде табиғи қорықтар мен орман алқаптарын қоритын қорықшылар мен инспекторлардың иығына артылар салмақ та ауырлайды.

Қырағылықты күшейтетін табиғат қорғаушылары кірпік ілмей күзетке шығады. Оған дәлел – жуырдағы «Іле Алатауы ұлттық табиғи паркінің» Түрген филиалындағы оқиға. Ұлттық табиғи парктің инспекторлары ерекше қорғауға алынған және ешқандай аңшылық, саятшылық жасауға рұқсат етілмейтін парк аумағынан аңшыларды құрықтады. Заңсыз аң аулаған қашқындарды ұстау кезінде, олардан аңшы мылтығы табылған. Олар сібір елігін атып алып, аттың құйрығына байлап инспекторлардан сытылып кетпек болғанымен, арам пиғылдары жүзеге асқан жоқ. Түрген филиалының инспекторлары жүргізген рейд барысында, күдік тудырған бірнеше адамның ізіне түсіп, арам істерін әшкереледі.

Жыл құсымен жеткен көктем мезгіліндегі қарбалас ұлттық парк қызметкерлерін де айналып өтпейді. Қайнаған тіршілік қыза түсетін мезгіл қазір. Сондай қат-қабат қарбалас жұмысқа браконьерлердің де теріс әрекеттері қосылып кетіп жатады.

«Іле Алатауы ұлттық табиғи паркіне» қарайтын Түрген филиалының инспекторлары ерекше қорғалатын аймақта аңшылық жасағандарды ұстағанын жоғарыда айттық. Аталған дерек бойынша қылмыстық іс тиісті органдарда тергеліп жатыр. Бұдан бөлек, өткен жылы және биыл тағы төрт қылмыстық іс тіркеліп, тергеу жүргізіліп жатыр екен. Оның ішінде заңсыз ағаш кесу және аң ату бойынша.

«Іле Алатауы ұлттық паркіне» Түрген, Талғар, Медеу, Ақсай филиалдары қарайды. Сонымен қатар Алматы мемлекеттік табиғи кешенді қорығының аумағына да осы мекеменің инспекторлары қорғау, бақылау жұмыстарын жүргізеді.

Ерекше қорғауға алынған табиғи парк аумағында аңшылық маусымы кезінде де, басқа мезгілде де ит жүгіртіп, құс ұшырып саятшылық құруға, аң аулауға мүлдем тыйым салынған. Айтпақшы, былтыр осы «Іле-Алатауы» мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің ұжымына қоршаған ортаны қорғау ісіндегі ерен еңбектері үшін «Үздік табиғи парк» номинациясы табыс етілді. Президент Қ.Тоқаевтың бастамасымен орман және аң шаруашылығы мамандарына арналған «Елім-ай» сыйлығы тағайындалған болатын. Бұл сыйлықты ұлттық парк ұжымы иеленді. Еңбектің жаңғаны осы.

«Іле-Алатауы ұлттық табиғи паркінің» аумағында аса сирек кездесетін эндемиктер ерекше қорғауға алынған және Қазақстанның қызыл кітабына енгізілген кесу, жұлуға тыйым салынған өсімдік түрлері кездеседі. «Адамзаттың табиғатсыз күні жоқ, табиғаттың оны айтуға тілі жоқ» деген тегін айтылған ба. Десе де, сиреп бара жатқан өсімдік түрлерін адам баласы құртуға әуес. Әсіресе, Островский қызғалдағы, Виттрок рауғашы, Сиверс алмасын кесіп, қазып алуға әуестенетіндер көп. Бірақ ұлттық парктің инспекторлары үнемі қадағалап, бақылау жүргізіп, күзетудің нәтижесінде арам пиғылын іске асырғысы келгендердің жолы бөгелді.

Инспекторлардың аттан түспей, тіпті ат жүре алмайтын қия беткей, құз, шыңдарды жаяу аралап, бақылау жүргізуінің себебі Қазақстанның Қызыл кітабына енген және Халықаралық табиғатты қорғау одағының тізімінде тұрған құстардың 20 түрі осы «Іле-Алатауы ұлттық табиғи паркін» мекендейді. Оның ішінде: көккұс, көк қарға, шәукілдек, құмай, жұртшы, қара дегелек сынды құс түрлері бар. Ұлттық парк қызметкерлері Қазақстанның Қызыл кітабындағы және Халықаралық табиғатты қорғау одағының тізіміне енген жан-жануарларды, аң-құстарды, өсімдіктер мен ағаштарды есепке алу, мониторингтік зерттеу жүргізуді тұрақты түрде жүзеге асырады. Ғылыми бағытта жандандыру мақсатында зоология институтының ғылыми қызметкерлерімен бірлесіп, ұлттық парктің аумағын мекендеген ілбістің 21-іне арнайы ID-код салған. Одан бөлек, жойылып кетудің аз-ақ алдында тұрған Тянь-Шань қоңыр аюы, қар барысы, Түркістан сілеусіні, тау сусары, үнді жайрасын браконьерлерден сақтап, қауіпсіздігін қамтамасыз ету – инспекторлардың басты міндеті. Алматы мемлекеттік табиғи кешенді қаумалының инспекторлары Бартоғай, Асы өзендерінің сағасынан Қызыл кітапқа енген сабаншы сүтқоректісін кезіктірген. Қаскелең, Шамалған сайларынан үнді жайрасы да арнайы қойылған бейнекамераларға жазылып қалған. Мамандар 1986 жылдан бері ұлттық парктің аймағынан көрінбей кеткен осындай жануарлардың көбеюі үшін қолдан келер мүмкіндік жасауда аянған емес. Браконьерлермен күресті жүйелі түрде жүргізетін ұлттық парк қызметкерлері аумақты қорғау тәртібі бойынша жабайы аңдардың санын көбейтуге, олардың мекендейтін орнын сақтап қалуға барлық жағдай жасайды.

«Іле-Алатауы ұлттық табиғи паркі» аумағында өсімдіктердің 2000-нан астам түрі өседі, омыртқалы жануарлардың 270-ке тарта түрі мекен етеді. Өсімдіктердің 37 түрі Қызыл кітапқа енген, аса сирек кездесетіндіктен ерекше қорғауға алынған. Сүтқоректілер, құстар, қосмекенділердің 30-ға жуығы Қазақстанның және Халықаралық табиғатты қорғау одағының Қызыл кітабына енген.

Жаратқанның әсем табиғатының сұлулығына тамсанып, қызығушы туристердің саны жыл санап артып келеді. Өйткені ұлттық парк аумағындағы мәдени-тарихи мұра саналатын көне ескерткіштер, түрлі нысандар туристерді тартып қызықтырады. Парктің ішінде туристердің жаяу жүруі үшін он шақты сүрлеу, соқпақ, автомобиль жолы, жаяу жүргіншілер мен аттылы адамдарға арналған арнайы маршрут салынған. Табиғаттың саясында жанға тыныштық іздеген туристер ұлттық парк аумағында апталап, айлап жатып демалады.

«Іле-Алатауы ұлттық табиғи паркіне» қарайтын Медеу филиалында 120 қызметкер бар. Филиалдың аумағында 24 қызмет кордоны, қызметкерлердің мініске деп бағып отырған 32 ат бар. Үш орманшылыққа бөлінген филиалдың территориясында браконьерлермен күрес, ормандағы өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету жұмыстарымен мемлекеттік инспекторлар да қол ұшын беріп көмектеседі. Медеу филиалының кеңсесінде ағаш өңдеу цехы жұмыс істеп, қызметтік үй-жайды жөндеуге қажетті ағаш жабдықтарын өндіреді. Оған қоса, демалушыларға арналған күркелер жасап, орындық-үстел орнатады, орманды мекендейтін құстарға ұя, ағаш, бұта көшеттерін көлегейлеуге арналған қалқалар жасайды. Мұндай цех өзге филиалдарда да жұмыс істейді.

Қазақта «Ит қорыған жерге өш» деген мақал тегін айтылмаса керек. Қас қылғандай, табиғатқа залал келтірушілер де көбіне Қызыл кітапқа енгізілген, үзуге, жұлуға, кесуге болмайтын өсімдік, ағаш түрлерін отап, бүлдіріп кететіні жасырын емес. Өкінішке қарай, адамдардың кейбірі осындай ерсі қылықтарын тияр емес. «Іле Алатауы ұлттық табиғи паркінің» аумағында өсетін Қызыл кітапқа енген, ерекше қорғалатын орман ағаштары, өсімдіктер, жеміс ағаштары бар. Оған қоса, Алматы мемлекеттік табиғи кешенді қаумалында да аса сирек кездесетін ағаш түрлері, өсімдіктер өседі. Өкініштісі, табиғатқа залал келтірушілер осындай аса сирек кездесетін жойылудың аз алдында тұрған табиғаттың жаратылысын бүлдіруге әуестігі артып барады.

Десе де, табиғатқа залал келтірушілер мен заңсыз аң аулаушыларға тоқтам болмай тұр. Мүмкін браконьерлерге қатысты заңды қатаңдатып, қылмыстың жазасын ауырлату керек те шығар.

Табиғи парктің аумағында заңсыз ағаш кесу, өсімдік теру, аң аулауға болмайтынына қарамастан, осындай теріс әрекетке баратындардың келтірген залалы 100 айлық есептік көрсеткіштен асатын болса (АЕК), қылмыстық жазаға тартылып, іс қозғалады. Ал келтірген залалы 100 АЕК көлеміне жетпесе, әкімшілік жауапкершілік бойынша айыппұл арқалайды.

Жоғарыда тілге тиек еткен бес деректің де залалы 100 айлық еместік көрсеткіштен асып кетеді. Өйткені Сиверс алмасының бір түбінің өзі шамамен 1000 айлық есептік көрсеткішпен бағаланады. Сібір елігі де «Қызыл кітапқа» енгізілген жануар. Жалпы тұқымы сиреген, жойылудың аз-ақ алдында тұрғандықтан, «Қызыл кітапқа» енген аң мен құс, жан-жануар, өсімдік, ағаш түрлеріне залал келтірушілерге бірден қылмыстық іс қозғалады.

Қазір көктем уағы аңдар мен жануарлардың төлдеп, құстардың ұя басып, көбейетін мезгілі. Осы кезде де ертелі-кеш ер үстінде жүретін инспекторлар орман шаруашылығының мамандарымен, шекара қызметінің мамандарымен бірлесіп жұмыс істейді. Ұлттық парктің аумағын көлікпен, атпен, кей жерлерде жаяу жүріп те, күзетіп қорғайды.

Табиғи парктің аумағындағы тарихи-мәдени мұралардың да бүлінбеуіне жауапты осы ұлттық парктің қызметкерлері. Жергілікті және сырттан келетін туристерге қоршаған орта мен экологияны бүлдірмеуге, табиғатқа залал тигізбеуге бағыттап, арнайы ескерту парақтарын да таратады.

Ұлттық парктің аумағында экологиялық мониторинг жүргізіп, табиғи жолмен бүлінген кешендерді ретке келтіріп, құлаған ағаштарды тазартып, қалпына келтіру жұмыстары да уақтылы жүргізіледі. Қазақ тарихына қатысты қаншама қазына осы аумақта жатыр. Ұлы Жібек жолы соқпағының сорабы бар, ерте темір дәуіріне жататын қорым, сақ қорғаны, орта ғасырдағы қалашықтардың ізі сайрап жатыр. Осындай ұлттық мұрамызды сақтап қорғау, қадіріне жете білу – бәріміздің парызымыз. Табиғаттың тамашасын бүлдіріп, аңы мен құсына қырғидай тигенді қалайтын браконьерлердің жолын бөгеп, қызыштай қорып жүрген инспекторлардың еңбегі қашанда бағалауға, құрметтеуге лайық.

Қуаныш КӨШЕК

E-mail: jasqazaq2019@mail.ru / www.jasqazaq.kz

Сұхбат

Қоғамдағы қатерлі дерттің бірі – масылдық. Еңбек етудің орнына мемлекет жәрдеміне арқа сүйеу патерналистік көңіл-күйдің өрістеуіне түртікі болады. Кезінде ұлы Абай халықты «түзелмейтін қайыршыға» айналдырмайтын амал – «егін, сауда, кәсіп, ғылым» деген. Ендеше, масылдықтан арылып, жатыпішерлікке жол бермеу – кезек күттірмейтін міндет.

Біздің Шымкент қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасының басшысы Балмаржан Нарбековамен сұхбатымыз патернализмнен арылу жайында өрбіді.

Балмаржан НАРБЕКОВА, *Шымкент қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасының басшысы:*

«ПАТЕРНАЛИСТЕРМЕН ҚОҒАМ БОЛЫП КҮРЕСУІМІЗ КЕРЕК»

Jas qazaq: Президент Қасым-Жомарт Тоқаев былтырғы Қазақстан халқына Жолдауында: «Ел ішінде әлеуметтік бағдарламаларды жеке мүддесіне пайдаланатын азаматтар аз емес. Осындай жағдайлар мемлекеттен ала берсем деген патерналистік көңіл-күй мен масылдық көзқарас қалыптастырды. Ал көмекке шынымен мұқтаж жандар, өкінішке қарай, әлеуметтік қолдау шараларынан тыс қалып жатыр» деген болатын. Осы орайда, Балмаржан Полатқызы, өзіңіз басшылық етіп отырған басқармада патерналистік көңіл-күйге қарсы қалай күресіп жатырсыздар?

Б.Нарбекова: Жалпы патернализммен тек бір ғана мекеме емес, қоғам болып күресуіміз керек. Қазір «Алма піс, аузыма түс» деп жататын заман емес. Әлемде не болып жатқанын барлығымыз біліп, көріп отырмыз. Жалқаулықтан арылып, ізденуге, еңбектенуге ұмтылуымыз қажет. Біздің басқарма осы маңызды міндетке өз үлесін қосып келеді.

Біздегі жұмыс бес бағыт бойынша жүргізіледі. Олар: халықты жұмыспен қамту, аз қамтылған азаматтарды әлеуметтік қолдау, мүмкіндігі шектеулі азаматтарға әлеуметтік қолдау көрсету, азаматтық хал актілерін тіркеу, көші-қон мәселесі мен қандастарды қолдау. Міне, аталған жұмыстардың барлығын сіз айтып отырған патернализммен күрес деп білемін. Мемлекет азаматтарға қармақ беріп жатыр. Ал әр мен қарай балық аулау өздерінің қолында!

Jas qazaq: Мемлекеттен берілетін атаулы әлеуметтік көмектің қаржысын шынымен де мұқтаж жандар ала ма? Өйткені халық арасында тұрмыстық жағдайы тым тәуір азаматтардың аталған көмекті алып жүргені туралы гәп бар.

Б.Нарбекова: Аталған бағдарлама іске асырыла бастаған жылдары ондай жағдайлардың кездескені рас. Қазір ондай олқылықтар байқалмайды. Өйткені барлығы қатаң бақылауда.

Мысалы, 2021 жылы атаулы әлеуметтік көмек негізсіз тағайындалған жалпы қайтаруға жататын 41,1 млн теңге құрайтын 904 отбасының 413-нен 20,6 млн теңге (*51%*) көлеміндегі қаражат өз еркімен және сот тәртібімен мемлекет бюджетіне кері қайтарылды.

Jas qazaq: Айта берсек, қазіргі қоғамда масылдық психологияның да белең алып тұрғаны ақиқат. Сіздер басқарманың әрбір есебінде жұмыспен қамтылғандардың саны мен бос жұмыс орындарын ұдайы ұсынумен келесіздер. Бос жұмыс орындары жәрмеңкесі жиі өткізіледі. Бірақ жұмыс жәрмеңкелері ұйымдастырылғанда адамдардың «айлығы аз» деп ұсынған жұмысты істегісі келмейтінін байқап жүрміз...

Б.Нарбекова: Иә, бос жұмыс орындары жәрмеңкесін тұрақты түрде өткізіп отыру да біздің міндетіміз. Мұндай шара азаматтарды жұмыспен қамтуға айтарлықтай көмегін тигізеді. Жәрмеңке арқылы екі қолға бір күрек тауып жатқандар да баршылық. Бірақ сол жәрмеңкелерде ұсынылған жұмыстарға бару-бармау әркімнің өз еркі. Кімге қанша айлық беретінін біз емес, жұмыс беруші анықтайды.

Jas qazaq: Жалпы үшінші мегаполисте қанша адам жұмыспен қамтылды? Бұл бағытта қандай шаралар қолға алынды?

Б.Нарбекова: Шымкент қаласы бойынша жұмыссыздық деңгейі шамамен 5 пайызды құрайды. 2021 жылы 35 207 адам жұмыспен қамту шараларына қатысқан. Нәтижесінде 23 421 адам бос және жаңа жұмыс орындарына жұмысқа орналасқан. Осылайша жоспар 105,1 пайыз орындалды.

Биыл 58 000 азаматты жұмыспен қамту шараларына тартуды жоспарлап отырмыз. Өздеріңізге белгілі, бүгінгі таңда кәсіптік және техникалық мамандықтарға басымдық беріліп отыр. «Жастар практикасы», «Алғашқы жұмыс орны» сынды бағдарламаларға қатысушы жастарға да аталған мамандықтар бойынша басымдық беріледі. Ол туралы әлеуметтік сала мамандары мен «Жастар орталығы» мекемесінің мамандары бірлесіп жоғары және арнаулы орта оқу орындарының жастарына, басқа да санаттағы жастарға тұрақты түрде түсіндіру жұмыстарын жүргізіп келеді. Нәтижесі жаман емес. Жастар нарыққа қажетті мамандықтарға қайта даярлаудан өтіп, сол бойынша жұмысқа жолданып жатыр. Сондықтан «жастар жалқау» деген жаттанды сөзден арылуымыз керек. Қазіргі жастар ізденімпаз. Бұрынғыдай жұмыс таңдап отырмайды және кез келген жұмысқа білек сыбана кірісіп кетеді деп сеніммен айтуға болады.

Jas qazaq: Жастарымыз көбіне қай салаға барғанды құп көреді? Әлде жастар арасында да патерналистік көзқарас басым ба?

Б.Нарбекова: Өзіңізге белгілі, жастарды жұмыспен қамту мақсатында «Жастар практикасы» және «Алғашқы жұмыс орны» бағдарламалары жұмыс істейді. Мысалы, 2021 жылы Шымкентте 2500-ден астам жас аталған бағдарламамен жұмысқа жолданды. Олардың 1300-дейі барған жерлерінде тұрақты жұмысқа орналасты. Ақпарат ретінде айта кетейін, «Жастар практикасы» уақытша жұмыс орны болып есептеледі және оған 29 жастан аспаған «жұмыссыз» мәртебесі бар және соңғы үш жыл ішінде (*2020, 2021, 2022 ж.*) жоғары оқу орындары мен колледждердің техникалық және кәсіби білім түлектері қатыса алады. Бүгінгі таңда бағдарлама жалақысы көтеріліп (*30 АЕК – 91 890 тг*) және мерзімі 12 айға дейін ұзартылды. Биыл аталған бағдарлама аясында 2000-нан астам жасты жолдау жоспарланып отырса, жыл басынан 700-ге тарта жасқа жолдама берілді.

Сонымен қатар жастарды жұмыспен қамтуда «Алғашқы жұмыс орны» жобасының жәрдемі орасан. Аталған жоба өз мамандығы бойынша еңбек тәжірибесі жоқ жастарды қолдауға бағытталған.

Қалалық жұмыспен қамту орталығы жұмыс берушілермен келісімшарт жасап, оқу орнын аяқтаған жастарды 12 ай жұмыспен қамтып, жұмыстың алты ай еңбекақысын субсидиялайды. Нәтижесінде жұмыссыздық деңгейі төмендеп, жастар бір жылдық тәжірибе мен біліктіліктерін арттырады.

Мысалы, былтырғы жылы 118 шымкенттік жас аталған бағдарлама бойынша жұмысқа жолданса, биыл 200-ден аса жасты жұмысқа жолдау көзделіп отыр. Жыл басынан 80-ге жуық жас жолданды. Жалпы алғанда, жастардың жұмыс істеуге деген ниеті жаман емес.

Jas qazaq: Барлық дерлік мемлекеттік бағдарламаларда ерекше қажеттілігі бар адамдарға қатысуға мүмкіндіктер қарастырылған. Бұл бағыттағы жұмыстар не болып жатыр? Шымкентте Тәуелсіздіктің 30 жылдық мерейтойы қарсаңында мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған «Тең қоғам» әлеуметтік қолдау орталығы Қазақстанда алғаш рет бой көтергенінен хабарымыз бар. Осы орталықтың жұмысы нәтижесін беріп жатыр ма?

Б.Нарбекова: Мүгедектігі бар азаматтардың құқықтарын қорғау және оларға жағдай жасау – елімізде жүргізіліп жатқан әлеуметтік саясаттың басты мақсаты болып табылады.

Қазіргі таңда Шымкент қаласында 37 337 мүмкіндігі шектеулі азамат тіркелген, оның 6 844-і 18 жасқа дейінгі мүгедек балалар.

2021 жылы 11 желтоқсан айында мүмкіндігі шектеулі азаматтардың қала өміріне белсене араласуына мүмкіндік жасау және оларға көрсетілетін қызмет түрлерін қолжетімді ету мақсатында «Ten qogam» әлеуметтік қолдау орталығы ашылып, іске қосылды. Бұл орталық қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасына қарасты.

Орталықтың мақсаты – мүмкіндігі шектеулі азаматтарға әлеуметтік, ақпараттық-консультациялық, психологиялық, құқықтық және жұмысқа орналастыру бойынша қызмет көрсету.

2021 жылдың басынан ерекше қажеттілігі бар азаматтарға әлеуметтік қызмет порталы арқылы қажетті құралдар мен қызметтерге тапсырыс беруі іске қосылды. Мүгедектігі бар азаматтар қажетті құралдар мен қызметтерді өзінің электрондық қолтаңбасын (*ЭЦҚ*) пайдалана отырып, әлеуметтік қызметтер порталы арқылы тапсырыс беруге қол жеткізілді. Бүгінгі таңға орталық мүмкіндігі шектеулі азаматтарға өзінің электрондық қолтаңбалы кілт арқылы құралдар мен қызметтерді таңдауды үйретеді.

Сондай-ақ орталықта қызмет алушыларға ағымдағы жылы іске қосылған мүмкіндігі шектеулі азаматтарға арналған «Әлеуметтік порталмен» қолдану жолдарын үйретіп, «Инватакси» мен «Әлеуметтік таксиге» қатысты тиісті ақпараттар ұсынады. Орталық құрылғалы 6 421 мүгедектігі бар азаматқа тиісті қызметтер көрсетілді.

Jas qazaq: Әңгімеңізге рахмет!

Сұхбаттасқан Мөлдір КЕНЖЕБАЙ,
Шымкент қаласы

Демеу

Биыл Атырау облысында мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған театр өз көрермендерін қабылдайды. Бұл туралы «Біз де адамбыз» қорының басшысы Гүлназ Қосмұрзиева әңгімелеп берді.

АТЫРАУДА ИНКЛЮЗИВТІ ТЕАТР АШЫЛАДЫ

Биыл жүзеге асатын жобалардың бірі – ерекше қажеттіліктері бар адамдарға арт-терапиясын жүргізуге бағытталған инклюзивті театр құру жобасы.

Инклюзивті театр – бұл дене және психикалық даму ерекшеліктері бар адамдардың қатысуымен өтетін сахналық әрекет. Бұл қаламыз үшін де, еліміз үшін де жас әрі жаңа бағыт, осындай театрлар Қазақстанның ірі қалаларында енді ғана қалыптасып келеді.

Гүлназ ҚОСМҰРЗИЕВА,
«Біз де адамбыз» қорының басшысы:

«Театр құру идеясы Қор резиденттері арасында сауалнама жүргізіп, Атырау қаласында мүмкіндігі шектеулі жандардың уақытын өткізуге қолайлы орын жоқ деген қорытынды шығарғаннан кейін келді. Мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтендіру үшін тиісті жағдай жасалуы керек. Идея туындағаннан кейін біз жоба жаздық, жобаға қаржылай демеуші іздедік. Содан кейін жобамызды қорғап шықтық. Қазіргі кезде олардың қаржылай қолдауына сүйене отырып, жобаны жүзеге асырудың алғашқы қадамдарына кірістік. Осы театрдың көмегімен біз мүгедек жандарға әлеуметтік реабилитация жүргізіп, олардың қоғамның белсенді және дербес мүшелері ретінде бейнесін қалыптастыруды мақсат тұтамыз».

Инклюзивті театр аясында келесі бағыттар бойынша 4 шығармашылық үйірме ашылады: вокал, би, актерлік шеберлік және сөйлеуді түзеу және дамыту (*сөйлеу шеберлігі*). Жыл соңына дейін театр әртістері 2 театрлық қойылым мен 2 шығармашылық кеш ұйымдастырады деп күтілуде. Жобаның үйлестірушісі ретінде арба үстіндегі би бойынша Қазақстанның бірнеше дүркін чемпионы Есболат Балабаев қызмет етеді.

Ерболат БАЛАБАЕВ, *жоба үйлестірушісі:*

«Өзімнің жеке басымнан өткен тәжірибеме қарай шығармашылық жұмыстың теріс эмоциялармен, оқшауланумен және депрессиямен күресуге көмектесетінін білемін. Сол себепті осы жобаның жүзеге асырылуын тағатсыздана күтемін және қатысушылар үшін де, ұйымдастырушылар үшін де өте қуаныштымын. Ерекше әртістеріміз шығармашылық арқылы өзін түсіну, өзгелермен байланыс орнату секілді қабілетін жақсартады. Көбінесе мүгедектігі бар адамдар түрлі стереотиптерге еріп, жаңа әлеуметтік байланыстар орнатпайды, бұрынғы таныстарымен байланысын жоғалтады. Бұл қоғам мен адамдардың өздері жасайтын жасанды кедергілер деп ойлаймын. Біздің мақсатымыз – осындай кедергілерді жойып, әркім өзінің шығармашылық әлеуетін дамыта алатын орын болу, театрды терапияның бір түріне айналдыру».

Қор басшысының айтуынша, жобаның келешекте әлеуметтік кәсіпкерлікке айналу мақсаты бар, сол арқылы Қор мүмкіндігі шектеулі әртістерге тұрақты табыс табуға мүмкіндік береді және оларға жұмысқа орналасу мәселесін шешуге көмектеседі.

Нұргүл НАСЫР,
Атырау облысы

Эссе

Біздің Бөкеңу

Қашан да достардың орны бөлек. Қуанғанда іздейсің, көңіліңді бұлт шалса, жанымда болса екен деп тілейсің. Өйткені жаны жақын, ниеттес, пікірлес жандардың көп болғанына не жетсін!

Бірақ ондай азаматтар айналаңда көп бола бермейді. Уақыт ілгерлетіп қуалаған сайын олар одан да сиреп, азая түседі. Мен үшін солардың бірі, небәрі 42 жасында бақилық өмірге аттанған Аяған еді. Мен ол арамыздан кеткенде егіліп, «Алаштың Аяғаны» деп жоқтау мақала жаздым. Бүгінгі толқын білмейтін де шығар, ол қазағым деп өткен Алаш арыстары мен халқымыздың бетке ұстар тұлғаларының 37-нің топалаңы кезінде азап шегіп, темір тордың ішінде жылдар бойы қамау көріп, ұл-қыздарының қайда екенін білмей, зарлаған аяулы аналарымыз жөнінде «АЛЖИР – Акмолинский лагерь жен изменников родины» деген екі сериалы деректі фильм түсірген кинорежиссер Аяған Шәжімбай. Ал Бөкем деп отырғаным Аяғанмен жақындастырған белгілі радиожурналист, көп жыл мерзімді басылымдарда – «Қазақстан мұғалімі», «Халық кеңесі», «Бірлік», «Заң газеті» мен республикалық «Арай» журналында қызмет етіп, үзбей атсалысқан қарымды қаламгер Болат Шымшықбайұлы Оңғарбай.

Ол уақытта ҚазМУ-дың екінші курсын бітірген кезім болатын. Қазақ радиосында бір айлық өндірістік тәжірибеден өтіп, ел сүйіп тыңдайтын «Ұшқын» бағдарламасында және балалар мен жасөспірімдер редакциясындағы ағалар мен апайларға ұнап қалсам керек. Әсіресе, кейінгі жылдары сатирик-ақындығы, зерттеушілік қабілеті, бүгінгі күн тәртібіндегі күйіп тұрған әлеуметтік мәселелерге тез араласып, үн қосатын публицистік қырымен де ерекше дараланған Кемелбек Шаматаев аға қатты қиылып, аспирантураға кетіп бара жатқан Зейнол Бейсенғалиевтің орнына қызметке шақырды.

«Кеме-аға, сырттайлық бөлімдегі оқуымды тастап, осы оқуды аңсап түсіп едім, енді қайтадан ауысқым келмейді», – деймін.

«Бізге балалардың тілін біліп жазатын журналист керек еді ғой», – деп қинайды.

Бәрібір илікпедім. Мен келмейді екен деп қызыл галстукты ұландарға арналып, аптасына бір рет шығатын хабарды жауып тастамайды ғой. Сол уақытта жақсы танымасам да, көріп жүретін, маңдай тұсы толқынданып тұратын қоңырқай шашты жігіт «Пионер серігі» радиогазетіне редактор болып келді.

Міне, Бөкеңмен осылай танысып едім. Оқи жүріп екі күннің бірінде редакцияға келемін. Студенттерге арналып айына бір рет шығатын «Гүлдәурен» радиожурналына араласамын, тыңдаушылардың жер-жерден жолдайтын хаттары бойынша жасалатын «Сәлеметсің бе, замандас!» деген хабары бар, кейде оны да эфирге дайындаймын. Сөйтіп жүргенде, жоғары сынып оқушыларына арналған «Өрендер» радиожурналының редакторы Сәбит Сүлейменов Қазақ радиосының Ақтөбе облысындағы меншікті тілшісі болып кетті де, сол орынға Бөкең ауысып, Кемелбек аға бұрынғы әуеніне қайта басып, қояр да қоймай жүріп, журналистика факультетінің адуынды деканы Темірбек Қожакеевке барып, Намазалы Омашев ағаны араға қоса салып, оқи жүріп жұмыс істеуіме рұқсат алды. Бұл 1980 жылдың жаңа жылы еді. Содан бастап Бөкеңмен бір бөлмеде қатар отырып хабар жасайтын болдық. Негізгі тақырыбымыз ортақ, айтатын әңгімеміз бір. Балаларды қызықтыратын материалдарды жас ерекшеліктеріне қарай жер-жерден жазып әкелеміз немесе ұйымдастырамыз. Радиожурналистердің дені өз қызмет аясымен ғана шектеліп қалады, ал Бөкеңнің өзгешелігі газет-журналдарға да мақала жазады, көркем шығармаға да көңіл бөледі. «Балуанға бәрібір» деген сияқты, тақырып талғамайды. Үлкендерге де арнап қалам сілтейді. Ол жазғандары «Қайнар» баспасынан шыққан очерктер жинағында жарық көрді. Әңгімелері «Жалын» баспасынан жас жазушылардың әр жыл сайын құрастырылатын «Арман қанатында» кітабына енді.

Бөкең үйдің тұңғышы болып, оның үстіне әжесінің еркесі ретінде еркін өскен. Әлбетте әлпештеніп, аяланып, қақпай көрмей өскендіктің әсері болмай қалмайды. Әлдекім қиғаштап сөйлеп, көңіліне жақпай бара жатса, үлкен бе, кіші ме – оған қарамайды, тіл ұшындағы сөзін тартынбай ақтарып айта салады. Алайда артында зілі жоқ, тез ұмытады, әдеттегідей араласып-құраласып жүре береді.

Бір жылы автобуспен Бөкеңнің ауылына бардық. Менің «Қазақстан пионері» (*бүгінгі «Ұлан»*) газетіне ауысып кеткен кезім.

Ол – Қазақ радиосының «Ауыл өмірі» редакциясында аға редактор. Желтоқсан батыры, Халық Қаһарманы Қайрат Рысқұлбековтың ауылы Бірлік – оның да кіндік қаны тамып, майлы топырағында аунап өскен елді мекені. Елінде сыйлы екен. Екі-үш үйден дәм таттық. Біреуі – тай-құлындай тебісіп есейген сыныптасының үйі. Бір жыл бұрын балаларға арналған әңгімелерінен тұратын «Бір шана отын» деген кішкене кітабы «Жалын» баспасынан шығып, әйелі Әсем әпкеміз екеуі алып-ұшып

ауылға келген. Ой, заман-ай десейші, ол кезде кітап үлкен қазына болатын. Қолына қалам ұстаған екінің бірі кітап шығара алмайды. Өзінен бақытты адам жоқтай сезіммен авторға тиесілі он шақты кітабын ала сала келгені ғой, ең жақын деген аға, апайларына, достарына бір-бірден әрлі ойларын жазып, қолтаңбасын қойып ұсынады. Солардың бірі бізге қуырдағын қуырып, қаймақ қатқан күрең шайын баптап беріп отырған сыныптас досының үйі екен. Кең дастархан төріндеміз. Аяғымызды астына ұзынынан жіберіп отыратын бәкене үстелге бәрі қойылды. Жасанды дәнеме дарымаған киелі ауылдың ақ дастарханынан енді ғана ыстық табадан шығып, алдымызға келген нанды қолымызға ала бергенде жанымдағы көкем – Бөкембай ағам «опаямайт» деді. Орыстың «әдемі» сөзін өстіп әдіптейтін көкеме не болып қалды деп жалт қарасам, көзі үстелдің шетіне қойылған қасқаршада. Бұған аяқ астынан не жақпай қалды деп бұрыла қарасам, көзі қасқаршаның астына тесіле қадалған. Ашулы. «Әй, опаямайт, мен мына кітапты ешкімге бермей өздеріне әкеліп едім, қасқаршаның астына қоятын басқа бірдеңе таба алмадың ба?» деді.

Иә, не деуге болады. Ол күйіп тұр, күйініп сөйлеп тұр. Біз күліп отырмыз. Бірақ күлетін әңгіме емес қой...

Қараңызшы, бұл өзі үшін керемет байлық, таптырмайтын қазына. Ол сол үшін оқыды, өз-өзін жетілдірді. Түннің ортасы ауғанша отырып көз майын тауысты, ойын сарқып ақ қағазға үңілді. Әр әңгімесі азапты жазу машахатымен дүниеге келді. Тіпті мемлекеттік тапсырысқа әзер ілігіп, ілдәлдалап зорға шығарған кітабы еді. Тұңғыш ұлы іспетті – тұңғыш кітабы. Бұны қаламның қасиеті мен жазудың ауыр азабын басынан өткерген кісілер ғана өте жақсы біледі. Менің Бөкембай (*кейде солай дей берем*) көкемнің «опаямайтын» түсіндім. Әлгі әңгімеден кейін құрдасының әйелі, ол да түсініп, қасқаршаның күйесі жұға бастаған кітапты тез ала салып, астына бір газетті төседі. Содан бірер минут өтпей-ақ Бөкең жаздай жадырап, жайылып сала берді. Түк болмағандай басқа бір әңгімеге көсіле кірісті.

* * *

Ол екеуміз кейін де қызметтес болып қатарлас жүрдік. Қалам қарымы зор, ғалымдығы да бар Жұмабек Кенжалин басқарған парламенттік «Халық кеңесінде» бөлім басқардық. Газеттің беделі артты. Әзірбайжан мен Арменияның арасында орын алған Қарабақ соғысы кезінде ел Президентінің өзі бастап барған бітімгершілік топтың құрамында болды. Сол

сапарынан «Қарабақ қасіреті» деген топтама мақалалар жазып, онысы басылымның әлденеше санында жарияланды.

Әлбетте, достық ойымыз үндесіп, көңіліміз жарасып жүргендіктен, ілгерілі-кейінді жылдарымыздан ерекшелеп еске алар естеліктеріміз аз емес. Мәселен, бір жылы КСРО-ны басқарған көсемдер бірінен кейін бірі өмірден озды. Сол кезеңде туған інім Амалбек 27 жасында тосыннан келген сырқаттан мезгілсіз көз жұмды. Жылы өтер қарсаңда екеуіміз сапарлас болып ауылға бардық. Бөкеңнің де, менің де басшыларға сөзіміз өтетініне қарамай, інімнің басын қарайту үшін керекті тасты есек арбамен тасыдық. Жанымызда Болат деген інім жүрді. Төртінші сыныпта оқитын. Әңгімеге әуес, қайта-қайта қоятын сауалы да таусылып бітпейді.

– Аға, Черненконың орнына кім бас хатшы болатынын білесіз бе? – дейді. Сол сөзіне елең ете түскен Бөкең:

– Иә, өзің кім болады деп ойлайсың? – деді.

– Леонид Ильич Брежнев өлгенде көңіл айтқан үкіметтік тізімнің басында бірінші болып Юрий Владимирович Андропов тұрған. Андропов өлген кездегі тізім басында Гейдар Әлиев тұр екен. Енді Әлиев бас хатшы болады ғой, – деді нық сеніммен.

Бөкең өзі аттас баланың жауабына емес, ойына тәнті болды.

«Әлі-ақ көресің, мына баладан бірдеңе шығады. Газет оқиды екен», – деді.

Сол бала бүгінде қырықтың қырқасына шықты. Мектепті жақсы бітірді, әскери борышын өтеуге барды. Оралғаннан кейін Әлем тілдері институтының француз тілі факультетін ойдағыдай тәмамдап, Сыртқы істер министрлігіне қызметке тұрды. Бельгиядағы Қазақстан елшілігінде консул болды, бүгінде Франция елшінің кеңесшісі қызметінде жүр, тәжірибелі дипломат.

Осыдан он жыл бұрын Алма мен Аяғанның ұл-қыздары әкеміз аман-есен жүрсе, ата жасы алпысқа толар еді деп туған жері Солтүстік Қазақстан облысына шақырды. Алматыдағы ағайын-туыстары және Ш. Айманов атындағы «Қазақфильм» киностудиясында бірге қызмет істеген азаматтар бар, бәріміз бір вагонның жартысы болып бардық. Аудан орталығындағы үлкен бір мектептің атын беріпті, оған қоса бір көшені және еншілепті. Бүкіл аудан жұртшылығы аттарын шығарған Аяғанды сағынышпен еске алды. Облыстық Мәдениет басқармасы әңгіме, сценарийлері мен ол туралы естелік материалдардан тұратын қомақты кітап шығарып, оның тұсаукесер рәсімін облыстық кітапханада өткізді. Жерлестерінің өнер адамына деген ілтипаты бәрімізді риза қылды. Осы есте қалдыру шаралары Бөкеңе де ой салыпты:

– Аяған жалғыз емес еді ғой. «Өркен» газетінде «Жазығы не еді апалардың?» деп, көп санына ұласқан зерттеу мақала жазған Армиял Тасымбековпен «Халық кеңесінде» жиі жүздесетін едім. Ол неге ескерусіз ұмыт қалды? Жаркенттік жерлестерінің арасында осыны ойлайтын бір пенде жоқ па? – деді.

Бөкеңнің кейіңкіреп айтқан бұл сөзі мені де бүйірлеп түртіп кетті. Армиялмен Аяғандікінде дәм-тұздас болдық. Жазғандарын газеттен жібермей оқып жүрдік. Елдік, ұлттық мәселеге көбірек ден қоятын, батыл ойлы журналист болатын. Астана арқаға ауысқанда көтеріле көшкен елмен бірге сонда кетті. Еуразия университетінің журналистика факультетінде сабақ берді. Ашық ойлы азамат Желтоқсан көтерілісінің ақиқатын ашу үшін алаңда болған, қасіретін шеккен қыз-жігіттер туралы алғашқылардың бірі болып жазды. Тәуелсіздік таңы атқаннан кейінгі елімізде орын алған келеңсіздіктер жөнінде, адамдардың басы қосылған жерде қозғау салу мақсатымен, шыдай алмай айтып қоятын. Көп кісілер бұл туралы енді ғана шет жағалатып айтып, жазып жүр. Бізден үлкен қателік өтіпті дейді. Ал Армиялдың сондай әңгімелеріне байланысты уақытша қамау орнында отырғанын, сонда өзі оқытатын шәкірттері әлгі үйдің ауласына барып, шу көтеріп, шығарып алғанын да естіген едік. Астанада одан кейін жүріп-тұру, қызметте болу тіпті қиындап, қайтадан Алматыға оралған. Алайда көп ұзамай жұмбақ жағдайда қайтыс болғанын бір-ақ білдік. Ол жүрегі қазағым деп соққан, ақиқатшыл азамат болатын. Өзінің қаламгерлік қызметіне қылау түсірмей абыройлы атқарды, қазақ халқы алдындағы азаматтық борышын ақырына дейін адал өтеді. Аяған екеуі Алаш арыстарының әйелдері мен бала-шағаларының аянышты тағдырын баяндаған тарихи-танымдық деректі фильмді – бірі сценарий авторы, екіншісі режиссері болып экрандап, келешек ұрпаққа бай мұра етіп қалдырып кетті.

– Бөке, Аяған досыңа Алматыда көше аты берілді. Екі-үш жыл бұрын үш үйден тұратын жаңа көше екенін Алмадан (*Айекеңнің әйелі*) естіп едім, кеше сұрасам үйлердің қатары көбейіп, он екіге жетіпті. Астанада да көше аты берілетін шешім шыққанын әлеуметтік желіден оқыдым, – деп едім, ол Армиялды еске алды. Зілсіз айта салатын үйреншікті, өзіне ғана жарасатын «әдемі» сөзімен бастап, «опаямайт-ай, Армиял ұмытылатын азамат емес еді ғой» деді.

Иә, не дейін? Қолымыздан не келеді? Шерағамыз айтпақшы, «бір кем дүние» қашан бүтінделер екен?» дедік те қойдық...

* * *

Өз басым Болат Оңғарбайды қырық жылдан бері жақсы білемін. Әсіресе, жазған дүниелерін айтамын.

«Елге есеп беретін жасқа жетіппін, кітабымды шығарсам ба деп едім» деді бір күні. «Таңдамалылар» деп аталатын кітабын басуға әзірлеп әкеліпті. Бас-аяғы бүп-бүтін. Аңдатпасы да жазылған, мазмұны да қойылған. Елден естігендері, көзімен көріп, көкейге түйген қилы-қилы қызықты оқиғалар кітапқа өзек болып өріліпті. Кідіріссіз баспаханаға жіберілді. Кешікпей жарық көрді.

Бөкеңнің өзіндей бір кітабы, бұл.

«Кітап жарық көргенше иесі – автор, ал жарық көріп қолдан-қолға өткен соң, ол – елдің кітабы», – дейді екен бір жазушы.

«Таңдамалылары» сондай кітап болса екен дейік, Бөкеңе!

Талғат АЙТБАЙҰЛЫ,
публицист-жазушы

E-mail: jasqazaq2019@mail.ru / www.jasqazaq.kz

Жеңіске жетелеген жігер

ЖЕТІСТІК

27-30 наурыз аралығында Қызылорда қаласында эстетикалық топтық гимнастикадан Қазақстан Республикасының Кубогы үшін жарыс өткізілді.

Жарысқа Алматыдағы «Tamos» және «Bravo» көркем және эстетикалық гимнастика мектептерінің спортшылары қатысып, 12-14, 10-12, 8-10 жас аралығында бес топ жеңіске жетті. Олар:

1-орын – «Браво» мектебінен «Diamonds» командасы;

1-орын – «Tamos» мектебінен «Триумф» және «Renaissance» командалары;

2-орын – «Tamos» мектебінен «Sunrise» және «Dream Team» командалары;

3-орын – «Tamos» мектебіінен «Colibri» командасы.

Аталған екі мектептің директоры-аға жаттықтырушысы – көркем гимнастикадан Халықаралық кластағы спорт мастері, Азия чемпионатының қола жүлдегері, Қазақстан абсолют чемпионы Жаннет Жабоева және аға хореограф Мәдина Мұталиева.

Осы жарысқа қажымай-талмай қыздарды дайындап, күн сайын жаттықтырған бапкерлер А.Климова, Д.Қажығалиева, Н.Тебенькова, А.Коваленко, М.Саитова және басқалардың ерен еңбегін ерекше атап өткіміз келеді.

Қазіргі кезде осы бір әдемі спорт түріне қызығушылық артып келеді. Көптеген ата-аналар 4 жастан бастап қабылдайтын осы мектептерге қыздарын жаздырып, күн сайын жаттығуға әкеледі.

Рәсима ӘКІМБЕКОВА

КӨКЖИЕК

АЛМАТЫДА STEAM КЕҢІСТІГІ АШЫЛДЫ

Алматыда Zertte Studio STEAM зертханасы ашылды. Бұл жобаны Caravan of knowledge білім беру ұйымы «Шеврон» компаниясымен және республикалық физика-математика мектебімен (*РФММ*) серіктестікте жүзеге асырды.

Zertte Studio – кез келген оқушы тәжірибелі тәлімгерлердің басшылығымен қажетті техникалық дағдыларды игеріп, түрлі байқау мен олимпиадаларға дайындалатын, шығармашылық және инженерлік идеяларын көп мектепте бола бермейтін жаңа жабдық арқылы іске асыратын бірегей зертхана. Бұл зертхана РФММ ғимаратында орналасқан және ол жерде кез келген мектептің оқушылары мен ұстаздары осы мектептің педагогтары өткізетін сабақтарға қатыса алады.

Осы орайда Қазақстандағы «Шеврон» компаниясының әлеуметтік инвестициялар жөніндегі кеңесшісі Лейла Айтмұханова былай деді: «Шеврон» өзі жұмыс істейтін елдерде әлеуметтік қолдау көрсетуге айрықша басымдық береді. Біз үшін білім беру Қазақстандағы ең басты әлеуметтік инвестиция бағыттарының бірі. Біз республикалық физика-математика мектебімен, Caravan of Knowledge ұйымымен және Қазақстан Республикасы Білім беру министрлігімен жемісті серіктестігімізді мақтан тұтамыз және оның нәтижесінде осындай Zertte Studio атты керемет зертхана пайда болды. Мұндай зертханалар болашақта Қазақстанның барлық мектептерінде ашылады деп үміттенеміз».

Zertte Studio төмендегідей үйірмелерді басқарады:

- *Робототехника және 3D-үлгілеу; қатысушылар робототехника бойынша халықаралық жарыстарға дайындалады;*
- *Ғылыми ойлау – бұл жерде сала аралық жобаларды мысалға ала отырып, математиканы, физиканы, химияны және биологияны оқиды;*
- *Ракета жасау;*
- *Авиамодельдеу;*

Оған қоса, Zertte Studio олимпиадаларға дайындалу курстарын, ғылыми, инженерлік және шығармашылық тақырыптар бойынша ашық дәрістер, шеберлік сабақтарды өткізуді жоспарлап отыр. Зертхананың барлық жұмыстары STEAM әдістері (*Science, Technology, Engineering, Arts, Mathematics — ғылым, технология, инженерия, өнер және математика*) бойынша өтеді. STEAM әдістері оқуға кешенді көзқарас қалыптастырады. Мұнда кез келген жоба немесе тақырып әртүрлі пән тұрғысынан қарастырылады.

Мысалы, ракета жасау сабақтарында балалар ракета жасап ұшырады, компьютерде модельдейді, қосалқы бөлшектерін 3D-принтеріне басып шығарады, метеостансаларды жинап, оны ракетаға жалғайды және ол арқылы ауа райы туралы деректер жинайды және көптеген басқа іспен айналысады. Осылайша олар микроэлектрониканы, робототехниканы, 3D-үлгілеуді, бағдарламалауды, экологияны, астрономия негізін кешенді түрде және шынайы мысалдармен үйренеді. Жабдықтың және Zertte Studio тәлімгерлерінің көмегімен балалар кез келген инженерлік және шығармашылық идеяларды іске асыра алады.

Алматыдағы республикалық физика-математика мектебі директорының міндетін атқарушы Алмас Ордабаев Zertte Studio тек РФММ оқушыларын ғана емес, басқа да мектеп оқушыларын және бүкіл Қазақстан мұғалімдерін де асыға күтетінін және тәжірибесін бөлісуге дайын екенін жеткізді.

(Өз тілшіміз)



РАМАЗАН АЙЫ	АПТА КҮНДЕРІ	СӘУІР ЖӘНЕ МАМЫР	ТАҢ	КҮННІҢ ШЫҒУЫ	БЕСІН	ЕКІНТІ	АҚШАМ	ҚҰФТАН
1	Сенбі	2 Сәуір	05:13	06:30	12:59	17:29	19:22	20:40
2	Жексенбі	3 Сәуір	05:11	06:28	12:59	17:29	19:24	20:41
3	Дүйсенбі	4 Сәуір	05:09	06:27	12:58	17:30	19:25	20:43
4	Сейсенбі	5 Сәуір	05:07	06:25	12:58	17:31	19:26	20:44
5	Сәрсенбі	6 Сәуір	05:05	06:23	12:58	17:32	19:27	20:46
6	Бейсенбі	7 Сәуір	05:03	06:21	12:57	17:33	19:28	20:47
7	Жұма	8 Сәуір	05:01	06:20	12:57	17:33	19:29	20:49
8	Сенбі	9 Сәуір	04:59	06:18	12:57	17:34	19:31	20:50
9	Жексенбі	10 Сәуір	04:57	06:16	12:57	17:35	19:32	20:51
10	Дүйсенбі	11 Сәуір	04:55	06:14	12:56	17:36	19:33	20:53
11	Сейсенбі	12 Сәуір	04:53	06:13	12:56	17:37	19:34	20:54
12	Сәрсенбі	13 Сәуір	04:51	06:11	12:56	17:37	19:35	20:56
13	Бейсенбі	14 Сәуір	04:49	06:09	12:56	17:38	19:36	20:57
14	Жұма	15 Сәуір	04:47	06:08	12:55	17:39	19:38	20:59
15	Сенбі	16 Сәуір	04:45	06:06	12:55	17:40	19:39	21:00
16	Жексенбі	17 Сәуір	04:43	06:04	12:55	17:40	19:40	21:02
17	Дүйсенбі	18 Сәуір	04:41	06:03	12:55	17:41	19:41	21:03
18	Сейсенбі	19 Сәуір	04:39	06:01	12:54	17:42	19:42	21:05
19	Сәрсенбі	20 Сәуір	04:37	06:00	12:54	17:42	19:44	21:06
20	Бейсенбі	21 Сәуір	04:35	05:58	12:54	17:43	19:45	21:08
21	Жұма	22 Сәуір	04:33	05:56	12:54	17:44	19:46	21:09
22	Сенбі	23 Сәуір	04:31	05:55	12:54	17:45	19:47	21:11
23	Жексенбі	24 Сәуір	04:29	05:53	12:53	17:45	19:48	21:12
24	Дүйсенбі	25 Сәуір	04:27	05:52	12:53	17:46	19:49	21:14
25	Сейсенбі	26 Сәуір	04:26	05:50	12:53	17:47	19:51	21:16
26	Сәрсенбі	27 Сәуір	04:24	05:49	12:53	17:47	19:52	21:17
27	Бейсенбі	28 Сәуір	04:22	05:47	12:53	17:48	19:53	21:19
28	Жұма	29 Сәуір	04:20	05:46	12:53	17:49	19:54	21:20
29	Сенбі	30 Сәуір	04:18	05:44	12:52	17:49	19:55	21:22
30	Жексенбі	1 Мамыр	04:16	05:43	12:52	17:50	19:56	21:23

Әріптесіміз, газет тілшісі Мақпал Ноғайбаеваға қайын енесі

Тамара БАҚТЫҒОЖАҚЫЗЫНЫҢ

қайтыс болуына байланысты қайғырып, көңіл айтамыз.

Белгілі журналист, «Құқықтық Қазақстан» газетінің Бас редакторы Қасым Әзімханға ағасы

АНАРХАННЫҢ

қайтыс болуына байланысты қайғырып, көңіл айтамыз.

Әл Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Ақпарат және коммуникациялар департаментінің директоры Қаншайым Байдәулетоваға әкесі

Мәулен БАЙДӘУЛЕТҰЛЫНЫҢ

қайтыс болуына байланысты отбасы, туыстарына орны толмас қайғыларына ортақтасып көңіл айтамыз.

Jas qazaq газетінің ұжымы

Бас редактор – директор
Срайыл Махатұлы СМАЙЫЛ

Редакция алқасы:

Қуаныш НҰРДАНБЕКҰЛЫ жауапты хатшы

Ғалия ҚАЛИЕВА
компьютер орталығының жетекшісі

Тілшілер мен қызметкерлер:

Гүлнар АХМЕТОВА – *экономика, нарық*

Мақпал НОҒАЙБАЕВА – *арнаулы тілші*

Ернұр КЕНЖЕБАЙ – *шолушы*

Кәмшат ТӨЛЕШОВА – *терімші*

Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ – *web-сайт*

Аймақтағы меншікті тілшілер:

Мерген ТОҚСАНБАЙ–
Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстары (8 701 312 39 34)

Қажет АНДАС – Алматы облысы (8 747 706 13 82)

Нұрғүл НАСЫР – Атырау облысы (8 702 959 80 08)

Мөлдір КЕНЖЕБАЙ –
Шымкент қаласы (8 776 238 55 94)

Ұлдай САРИЕВА – Батыс Қазақстан облысы (8 705 150 48 30)

Кезекші редактор
Мақпал НОҒАЙБАЕВА

Меншік иесі:

«Аманат Медиа» ЖШС

Директордың орынбасары
Мейрамбек ҚҰЛМҰХАМЕДОВ

Бас есепші
Расима ӘКІМБЕКОВА

Редакцияның мекенжайы:

050012, Алматы қаласы, Мәуленов, 85 үй, №61 кеңсе, 3-қабат
(Бөгенбай батыр көшесінің қиылысы)
Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25
Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі)

Газет «Дәуір» ЖШС РПИК (Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй)
тел: (727) 273-12-04, 273-12-54. Тапсырыс – №1071;
Бағасы келісім бойынша

Таралымы – 5000 дана

Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады, сондай-ақ «AirAstana» әуежолының ұшақтарында бар.

Jas qazaq газеті «Караван», «Хорошие новости плюс» және KOK TENGRI дүңгіршіктерінде сатылады

Газет 2004 жылы 14 желтоқсанда тіркелген.
2021 жылдың 03 маусымында ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінде қайта есепке тұрып, № KZ68VPY00036247 куәлігін алды.

Мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты.

Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.